

КНИЖКА

Пионер (раз. 43)

1958.

1-12.



ПИОНЕР

№ 9 СЕНТЯБРЬ 1958
АЛМАТЫ

ҮШКЕН ЖҮРЕК



1941 жылғы Ұлы Отан соғысы. Неміс-фашист басқыншылары Украина, Белоруссия қалалары мен селоларын ойрандай бастады. Бақытты өмір сүрген бейбіт халықты жан түршігерліктей қырып-жойып, алға ұмтылды. Білім ордасы — мектептер, пионер үйлері, балалар бақшасы аяусыз өртеніп, олардың орнында бықсыған қоламтасы ғана қалды.

Міне, бұл сұрқия күнді Шепетовка қаласы да басынан өткізген еді. Осы қаланың 11 жасар пионері Валя Котик те өзінің сүйікті мектебінен айырылды. Бақытты балалық шағы соғыс өртінің астында қалды. Бірақ Валя жау түтінінің ортасында тұншығып отырмады. Буыны қатып, бұғанасы бекімесе де естияр ерлерше күреске шықты.

... Қалың орман ортасындағы тас жолмен машина жүйткіп келеді. Міне, міне, жақындап қалды. Енді бір кезде, ойламаған жерден тоғай арасынан қол граната ұшып келді де, гүрс етіп жарылды. Машинаны лапылдаған жалын лезде орап алды. Шепетовка қаласындағы неміс жандармының начальнигі

мүрдем кетті. Партизандық алғашқы тапсырманы Валентин Котик осылай орындады.

Бұдан кейін кішкентай партизан қатыспаған ұрыстар болмады. Фашистердің азық-түлік қоймасын өртеген де, темір жолдың астына мина қойып, жанар май тиелген жау эшелондарын қиратқан да, гитлершілдердің Варшавамен байланысын үзген де, село тұрғындарының мүліктерін бүлдіріп, талап жатқан неміс солдаттарын құртып жіберген де — Валя.

Бір күні Кармелюк атындағы партизандар отрядын неміс басқыншылары қоршап алып, құртып жібермекші болды. Қарауылда Валя болатын. Ол жау тобын өте кеш көріп қалды. Партизандарға хабарлауға уақытыңыз болды. Сондықтан, ол орнында тырп етпестей жата берді. Тек қана жау тап қасына келгенде ғана орнынан атып тұрып, гранатаны жерге ұрып жіберді. Төрт фашист бірден мүрдем кетті. Партизандар граната даусын естіп, лезде ұрысқа әзірленді. Осы жолы жау үлкен шығынға ұшырады. Ауыр жаралы Валяны партизандар тауып алды.

1944 жылы Изяслов қаласын босатудағы қиынқескі ұрыста Валентин Котик қаза тапты. Оның денесін өзінің партизан — туысқандары алақандарына салып көтеріп, ұрыс ішінен алып шықты.

Пионер — партизан «Бірінші дәрежелі Отан соғысы орденімен» және «Отан соғысы партизанына» медалімен наградталды. Биылғы жылғы июнь айында оған герой атағы берілді. Қазір Шепетовка қаласында Валентин Котикке арналған музей, оның атында көше бар. ВЛКСМ-ның 40 жылдығы күні пионерлер Сарайының алдында Валентин Котикке қойылған ескерткіш ашылмақшы.

Міне, балалар, өздеріндегі ғана кішкентай Валя қандай тамаша ерліктер жасаған. Ия, ол өзі кіп-кішкентай болғанмен, оның өз Отанын сүйген жүрегі өте үлкен еді.



П И О Н Е Р

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен пионер ұйымы республикалық Советінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 9

СЕНТЯБРЬ
1958 ж.

Айына бір рет шығады.

Шығуына 20 жыл



ӘНГІМЕ

I

Несін жасырайын. Біздің 5-класқа тарих пәнінен сабақ беретін мұғаліміміз Айтбай Сапаровпен көпке дейін үйренісе алмай-ақ қойдым. Өзі сұсты еді. Қымс еткенімізді қиядан байқай қоятын. Тіпті, не мектепте, не далада оқыстау ойнап, о жарлау сөйлесең де бәрін көріп, бәрін еститін. Көрерін көріп, естірін естіп кете берсе бір сәрі ғой. Жок, олай етпейді. Айқайлап зекірмейді де. Салмақтап сөйлеп-ақ сазанды беретін. Сондықтан, оның алдына екінші рет кінәлі болып барудан өзің де қашып жүретіңсің. Ол, әсіресе, үйге берілген тапсырманы сұрағанда, аяғыңды қия бастырмайтын. Егер дайындықсыз келіп көр сабаққа. Одан жалтару да, бірдеңе етіп сылтау айтып құтылу да мүлде мүмкін емес. Ойлағаныңның бәрін біліп қояды. Ал, сабақты жақсы дайындап келсең, сені рахаттана тыңдап отырар еді.

Бірде Айтбай ағай тақтаға мені шақырды да, үйге берілген тапсырманы сұрай бастады. Масқара болғанда, оқымай келермін бе. Көзім жыпылықтап кетті. Әр нәрсенің басын қосып бірдеме дегендей болдым. Бі-

рақ, бұлайша бұлтаруымның сәті түспеді. Әнс, ол оқымай келгенімді ә дегеннен-ақ біліп қойды. Әрине, мұнан кейін не болатыны белгілі ғой. Журналдағы менің фамилиямның тұсына екілік баға қойылды. Екілігі құрғырды бұрын да бір рет алып қалып ем.

Орныма отырғаннан кейін: «Айтбай ағай,— деп ойлаймын ызаланып,— бір жолға кешіре қойсаңыз қайтетін еді. Кешірмейсіз, ә, кешірмейсіз! Мені жек көресіз. Әбден қастасып алдық. Білгі мұқата бермексіз, ә!..»

Міне, осы оқиғадан кейін Айтбай мұғаліммен үйренісу былай тұрсын, тіпті оны ұнатпай, іштей қастасып алдым. Ол да маған әдейі қастық етіп жүргендей көрінеді.

II.

Поселкеміз, ортасынан темір жол кесіл өткелдіктен, екіге бөлініп жатушы еді. Оның шығыс жағындағы бөлегі «5-квартал» деп, ал, батыс бөлігі «Станция» деп аталатын. Мектеп сол «5-квартал» жағында болғандықтан, темір жол арқылы қатынайтынбыз. Ол кезде кәзіргідей темір жол үстінен салынған аспалы көпір жоқ еді.

Айтбай Сапаров та мектепке осы беттен барады. Тіпті, кей күндері таңертең сабаққа онымен бірге де баратынымыз бар. Ондайда Айтбай Сапаровпен бірге жүруді жаратпаймын. Оны-мұныны сылтауратып, не кейінірек қалып қоямын, не болмаса жүгіріп озып кетемін. Ал, басқа балалар олай емес. Қайта онымен бірге жүріп, әңгімелесу — олар үшін көңілді сияқты...

Бір күні кешірек ояныппын. Мамам болмағанда әлі де жата берер ме ем, қайтер едім.

— Дарханжан-ау, — дейді мамам, — мана бір оятып ем, әлі жатқаның ба? Тұр енді, сабағыңнан қаласың.

Орнымнан апыл-ғұпыл тұра сала көзімді жұдырығыммен укалап жіберіп сағатқа қарасам, он минутсыз сегіз. Әлі киіну, жуыну, тамақтану бар. Он минут дегенің уақыт па, кәзір бітіп қалады ғой.

Асығып-үсігіп киіндім де, жөнді тамақ та ішпестен жүгіре жөнелдім. Мықтаса, 5-ак минут қалған шығар. Үлгірем бе, жоқ па? Бірінші сабақта арифметикадан бақылау жұмысы болатын еді. Енді қайттім?

Міне, темір жолға да жеттім. Бір жақсысы, кесе көлденең жолды бекітіп тұрған бірде-бір состав жоқ. Мұндайда жиырма шақты вагон тұрса да аз жұмыс емес. Оралып өткенше өкпеңді қолыңа ала қызылтанау болып, кемі, бес минут жүгіресің. Қатар-қатар жатқан жолдың бірінші, екінші, үшіншісінен, тіпті, төртіншісінен де өтіп үлгірдім. Әлі алдымда үш-төрт қатары жатыр. Екі көзім алдымда, маңайға қарауды да ұмытып кеткем. Менің оң жағымда бір адам келе жатқан сияқты еді, оның кім екенін ажыратып жатуға да мұршам келген жоқ. Жүгірген бетіммен келесі жолдың бірінші рельсінен аттай бергенімде, дәл құлағымның түбінен керемет бір ащы дауыс жаңғырығып қоя берді. Сол жағымға жалт қарасам, бір тепловоз бар пәрменімен ағып келіп қалыпты. Құлағым шынылдап, көзім қарауытып, дүние дөңгелеп жүре берді. Тек «Мама!» деп соңғы рет ышқына шыңғырғанымды ғана білемін. Онан арғысы белгісіз, құлап түстім.

III.

Көзімді ашқанда көргенім — бір бейтаныс теміржолшы болды. Шоқша сақалды қапсағай қара кісі. Көзінде аяушылық бар. Мені бір бес жасар баладай-ақ алдына алып, құшақтап отыр.

Ол:

— Ә, енді ештеңе етпес, балақан! — деп қуанып қалды.

Мен аяғымнан басып орнымнан тұрдым. Өлмей қалғанымға енді-енді сенгендеймін. Құлағымның аздап күңгірлегені болмаса, басқа денем аман сияқты. Шамасы, 5—6 минуттан артық жатпағанмын. Онда да қатты қорыққаннан есенгіреп қалсам керек.

— Ал, балақан, — деп сұрады әлгі шок-



ша сақалды кісі,— еш жерің ауырмай ма?
Денемнің қалтырағаны әлі басылмай тұр.
— Жок, ауырмайды,— дедім сыр бергім келмей.

— Жүр, үйіңе апарып салайын. Бүгін сабағыңа бармай-ақ қой,— деді әлгі адам.

Ол менің әлі де болса түзеле алмағанымды сезіп тұр.

— Мен... мен мектепке... бақылау жұмысынан қалып қоямын ғой,— деп күбірледім.

— Ештене етпейді, балақан, ағайларыңа мен-ақ айтайын.

Біз үйге келген соң мамам абыржып қалды:

— Дарханжан-ау, мектеп қайда, неге қайтып келдің!

Осы жерде өзімді ертіп келген кісі сөзге араласты.

— Опың жайын мен айтайын,— деді ол сәл бөгеліңкіреп.— Сіздің бақытыңыз бар екен!

Мамам үрейленіп кетті.

— Немене, бақыты барыңыз қалай, не болды, айтыңызшы!

Теміржолшы ағай болған оқиғаны салмақтап жайлап айтып шықты. Сөйтсем, менің ажалыма арашашы болған біреу бар екен. Сол ержүрек адам мені дәл тепловоз дөңгелегінің астынан қарып алған.

Осы кезде орнынан ұшып тұра келген мамам:

— Кім еді ол, сіз бе, сіз ғой! — деп шап беріп теміржолшы ағайдың қолынан ұстай алды.

— Жок, жок, мен емес. Ол жігіт осы Дарханшының Сапаров деген мұғалімі көрінеді. Сол кезде оның да мектепке бара жатқан беті екен.

Мен қайран қалдым. «Шынымен Айтбай ағай ма, сол ма? — деймін.— Жок, бұл мүмкін емес, ол мені жек көретін».

Бірақ, менің құтқарушым басқа ешкім емес, дәл Айтбай Сапаровтың өзі болып шықты.

Мамам:

— Мен азаматқа рахмет айтуым керек, отырмауым керек,— деп дегбірі қалмай асығыс-үсігіс киіне бастады.

— Дегенмен,— деді теміржолшы қабағын шытып, қиналған кескінмен,— сіз асықпаныз. Бәрібір ол жігіт кәзір ауруханада операция үстінде. Бір аяғының басын кесіп кеткен. Бірақ, қауіпті емес, жеңіл көрінеді.

Біз мұны күтпеген едік. Мамам жылап қоя берді. Менің көзімнен жас ыршып кетті. Баяғыдан бері Айтбай ағай туралы өз ойымның қателігін енді түсіндім.

Сол күні кешке таман ауруханадағы Айтбай мұғалімге бардық.

IV.

Бірнеше күннен кейін Айтбай ағай сауығып, мектепке қайтып оралды. Бүкіл мектеп болып қуандық. Соның ішінде, әсіресе, менің қуанышымда шек болмаған шығар. Ол аяғын сәл сылтыңқырап басқаны болмаса, сол бұрынғы қалпы: сұсты да салмақты. Оғаш қылығын мен оғаш сөзінді, сабаққа дайындықсыз келуіңді кешірмейді. Бірақ, ғажабы сол, балалар оны туған ағасындай жақын көреді.

Ал, Айтбай ағаймен менің жеке басымның кәзіргі қатынасына келсек, ол сіздерге айтпай-ақ түсінікті болар.

Қазалы қаласы.

С. БОРАНБАЕВ.

Әуесқой бөбектер

Үш-төрт бөбек бір-бірімен өздерінше қызу сөйлесіп, көшеде келе жатыр екен. Мен жандарынан өтіп бара жатыр едім, біреуі:

— Ағай! — деді маған бұрылып. Мен кілт тоқтадым.

— Асандікіне барып келеміз, ол бір түлкі ұстап алыпты, соны көрдік,— деді аптыға сөйлеп. Екінші біреуі қасындағысының сөзін бөліп:

— Аға, жүріңізші, тағы барып бір көріп келейік,— деді күлімсіреп.

— Түлкі тірі ме екен? — дедім мен де қызығып.

— Өлі-тірісін білмейміз, әйтеуір терісіне сабан тығып жатыр,— деді әлгі бала. Мен еріксіз күліп жібердім де, балаларды ертіп, Асандікіне қарай беттедім.



Т. Бабытаев.

Балалық шаққа саяхат



ПОВЕСТЬ

I

Қазақстан картасынан басын мәңгі мұз құрсаған маңғаз Алатаудың миуалы баурайына орналасқан Алматы қаласын ғой көзіңді шарта жұмып тұрып, тауып аласыз. Енді саусағыңызды сол Алматыдан бастап, тау сілемімен шығысқа қарай сырғытыңызшы. Тоқтаңыз! Қытай шекарасын бұза жаздап қалғанын байқайсыз ба? Міне, тап осы арада, шекараның дәл түбіндегі өне бір көкшіл жіптей тартылған Текес дейтін шағын өзеннің бойында туып өстім. Көріп отырсыз, кең байтақ казак сахарасының ең бір қиыр, шалғай түкпірі.

Бұл өлкенің жері таулы, биік келеді. Осы араны мекен еткен казактар бұрын, негізінен, мал өсіріп күнелткен. Қол күшіне сүйенген кедей-кепшіктер ғана шұқынып егін салатын көрінеді.

Жаңа өмірге мойынсұнғысы келмеген тап жаулары — байлар мен олардың атқа мінер сойыл соғарлары конфиска жылдарында елді Совет өкіметін жамандаған неше қилы үрейлі сөздермен шошытып, сойқан бүліншілік салып, Қытайға қарай үркітеді. Халықтың бар күн көріс талшығы мал атаулыны бандалар айдағанын айдап әкетіп, айдамағанын қырып-сойып, талап-таражға салады. Одан қалған азынаулақ тұяқ сол кездегі шаш ал десе, бас алатын асыра сілтеушілердің құлқынына түседі.

Артельдің алғашқы нұсқасы — Мойын серік біздің ауылда сол жылы ұйымдасты. Аты — «Қостөбе». Қазақты көгертпей келген ескі дерттің бірі рушылдық алакөздігі ғой. Коллективтендіру дәуірінде кеселін бұл да аз тигізген жоқ. Елдің намысын көтергенсіп, не де болса өз қотырымызды өзіміз қасимыз

Б. СОҚПАҚБАЕВ.

деп, әр атаның баласы шөкім-шөкім боп, алды-алдына артель құрмады ма? «Қостөбе» де соның бірі болатын. Түтін саны отыздан аспайды.

Қазақстандағы осы соңғы жылдары топ-тобымен біріктіріліп, ірілендірілген көптеген колхоздардың бір кездегі пайда болу тарихы осындай.

Қостөбеде тұратындар, негізінен, Қиқбай, Найза деп аталатын екі атаның балалары. Қоныс тепкен жері Текестің күнгеі жақ жағасындағы тақыр жазық. Онан әрірек сыртта батыстап шығысқа қарай созылған аласалау сұр қырат.

Төбесінен сап-сары сүңгі салбыраған аласа үйдің бірінде біздің үйішіміз өмір сүріп тұрды. Бес жанбыз: әкем Ыдырыс пен немере ағайым Смағұл колхозда жұмыс істейді. Шешем Әспет аурушандықтан еңбекке жарамайды. Ішіміздегі бірден бір хат танытын «өкметіміз» (ол кезде оқығандарды ауыл адамдары солай атайды) — менен он екі жас үлкен ағайым Сатылған.

Бір күні, мезгіл август айының орта шені, таңертеңгі шайды ішіп болып қалған кезде, (ауыл қазағы есік қаққанды білмейді) біздікіне салаң етіп, екі адам кіріп келді.

— Ассалаумағаликөм!

— Уағаликүмассалам! Төрлетіндер.

Төрде отырған әкем қолындағы кесесін көтеріп ұстаған бойы келгендерге орын босатып, әрі сырғи берді. Ауру жүдеткен шешем сорапқан арық тізесіне иегін тіреп, ескілеу камзолын желбегей жамылып, шай құйып отырған. Жүзі — ыстаған терідей сап-сары. Бет сүйектері жік-жік білеуленіп, көзінің алдына көкшіл көлеңке түскен. Жұтаң дастарқан үстіне келген кісілерден қаймығып, ол қымсынып қалды.

Мен ішерімді бағана ішіп болсам да, жерге төселген қызылала шыт дастарқанның шешем жақ бұрышында жатқан екі түйір қантты төңіректен тұрып кете алмай отырғам. Дені сау біздер құсап, ол кебек аралас, жұтсаң темір үгіндісін жұтқандай тамағыңды тұтқырлап ұстап қалатын кара талқанды қарпып жей алмайды. Бір түйір, жарым түйір қант, конфет болса, үнемдеп аузының дәмін алып, шай ғана ішеді.



Ертеңгі астан дәм тату парыз. Келген кісілер төр алдына отырыса бастады. Мен олардан ықтап, сырғығансып, шешеме тақала түстім де, бір түйір қантты тез қакшып ап, түрегеп кеттім. Со бойда мысықтай жылысып сыртқа зытып бара жатыр едім, келгендердің бірі, ауылнай хатшысы, бойы аласалау жуантық жігіт Ұзақбай:

— Әй, тоқта! — деп, дауыстап қалды.

Селк ете түстім. Ол маған ұрлығымды көріп қалып тоқтатқандай еді. Жоқ, олай емес екен.

— Ідіке, мына балаңыздың жасы сегізге толды ма? — деп сұрады Ұзақбай әкемнен.

Мен түгіл өз жасынан жылда шатасатын момын әкем шешеме қарады.

— Қайдам, Әспет білмесе..

Ұзақбай биыл осы ауылда мектеп ашылатынын айтты. Қасындағы жасы отыз шама-сында, дембелше толық денелі, каска бас, ақсары, бейтаныс жігіт жаңадан келген мұғалім екен. Екеуі үй-үйді аралап, оқуға тартылуға тиісті балалардың тізімін алып жүр екен.

Өлген-тірілгенін хатқа түсіру дәстүріне жаңа ене бастаған елде, менің қай жыл, қай ай, қай күні туғанымды ешкім де дәл басып айта алмады. Әркім әртүрлі тұспалдап есептеген болады. Зейіні жүйрік шешем ғана дәлдеу сөйледі:

— Өткен наурыз көжеде сегізге толған. Енді міне тоғызға қараған беті.

— Көжеңіз өз алдына, — деп күлді мұғалім, — бізге бұның туған жылы қажет.

— Әлгі Ырымжанды күйеуге беретін жылы тумап па еді? Ұмытпасам, шөп шабыс шені болатын, — деді әкем.

— Ырымжан қайда, мұнда берілмеді ме күйеуге. Бұл, Кебеже жәкемдікі бәріміз ана ар жақта, үлкен төбенің баурайында отырғанда, күздігүні туған. Ерrojаны құтырған ит талайтын жыл. Есінде ме, сен диірменге үн тартқызғалы кеткенде босанбап па едім.

Әкем басын шұлғыды:

— Рас, рас. Мен ана Қойшыбайдың баласының туған күнімен шатастырып отыр екенмін ғой. Рас, күздігүні болатын.

Мен үшін тап қазір күзі-жазы бәрібір. Тезірек босатуларын ғана армандап тұрмын. Уысымдағы бір түйір қантты таңдайыма тастап жібергенше тағат қылмай, сілекейім шұбырып барады.

Олай-бұлай есептеп келіп, мені тізімге 1924 жылы туған деп жазды. Әрмені бір тұспал еткен көп долбар осыған сайды.

Оқығың келе ме? — деп сұрады мұғалім менен.

— Келеді!

— Бала неме, миы ашып кетіп жүрмесе, — деді әкем.

— Ашымайды. Оқимып! — дедім мен.

Сатылған ағайым да құптады:

— Оқиды.

2

Қостөбеде мектеп ашылуы шадыман оқиға болды.

Ру, аталастық алақөздігі осы елді тоздырған, қанына сіңген пәлекет қой. Түбі бір атадан тараған Қиқбай мен Найза бір артельде бас қосып отырғанмен екеуі екі жік. Іргесі тиіссе от шығатындай бір-бірінен аулақ қоныс тепкен. Әрқайсы өз алдына бригада. Мектептің ашылған жері — Қиқбай ауылы.

Сентябрьдің бірі күні біздің Найза ауылының балаларын, салт атты бригадир Нұрғазы қойшы топырлатып алдына салып, осында айдап әкелді. Ойымызға келгенді істеп, лаққозымса бірге жайылып, лағып өткізетін бұған дейінгі тағы өмірімізге бұғалық түсті.

Мектеп бұрынғы мешіт үйінде ашылыпты. Жалпақ төбелі, іші-сырты бірқыдыру әдеміленіп сыланған, караша үй. Парта жоқ. Еденді су сеуіп, тақырлап, сыпырып қойыпты. Екі ауылдан жиналған қырық шақты баланы соған малдас құрғызып, жайғастырып отырғызады. Бір жеріміз былғанады-ау деп, қорғаншақтайтын біз емес. Құл мен топыраққа аунап, өскеп жандармыз, мұғалім нұсқаған жерге шөге-шөге кеттік.

Мұғаліміміз — әнсүгі қасқа бас жігіт. Есімі — Сағатбай Қасенов. Өңі жылы, кішірек қоңырқай көздері бізді аясына алып, жылұшырап қарайды. Даусы — жұмсақ та мәнерлі.

Мұғалімнің алдында ескілеу, шағын тақтай стол. Столдың бір шетіне таман қатарлап жиылған дәптер, оқулық. Оның үстінде бір уыс қарындаш. Мұның бәрі бізге арналған нәрселер екенін сезіп қашан қолымызға тигенше ынтызарымыз құрып отыр.

Жайғастырып болып, тыныштандырығаннан кейін мұғалім сөйлей бастады. Біз босағасын аттап отырған білім дүниесінің мәні-қасиетін, оқушылық міндеттерімізді түсіндірді. Ғасырлар бойы қаранғылыққа қамалып келген қазақ халқының, оның біз секілді жас ұрпағының алдында енді Совет өкіметінің арқасында білім алудың даңғыраған сара жолы ашылғандығын, жалқаулапбай, жақсы оқуға тиісті екенімізді айтты.

Ұлы Лениннің «Оқу керек, оқу керек және де оқу керек» деген әйгілі сөзін тұңғыш рет мен сол жолы Сағатбайдың аузынан естідім.

Осы отырғандар жас жағынан ала-құламыз. Ең кіші дегені сегіз-тоғыз жас шамасындағы мен қатарластар болса, ішімізде Шыңбайдың Тұрсынбайы, Кепекбайдың Жүнісбайы, Батырканның Жанбосыны секілді жастары он төрт, он беске келіп қалған, мұрт шыға бастаған ересек балалар да бар. Бірақ, бәріміздің білім шарқымыз қарайлас — бұрын мектеп көрмегендерміз.

Мұғалім бізге дәптер, қарындаш, оқулық таратып бере бастады. Бұның бәрінің тапшы кезі. Дәптерді бірден берді. Әліппе бес балаға біреуден. Қарындашты бөліп алындар деп, екі балаға біреуден берді.

Осы тұста класта біраз шаң-шұң, опыртопыр туып қалды. Қарындашты дәл өлшеп бөле алмағандар әрқайсысы үлкендеу жағып алуға тырысып, жанжал шықты. Сағатбай мұғалім мұндайда айқайы жоқ, ақыл тапқыш жан. Ол бөлініп қойылған қарындаштарды жеребе салып, әркім өз бақытынан көретіндей етіп, таластырмай бөліп берді де, әлі бөлінбеген бүтіндерін әуелі жіппен, шөппен өлшеп алып, сонан соң оны қарындаштың бойына екі қабаттап салып, дәл ортасын табудың тәсілін үйретті.

Асылы, Сағатбай педагогтік жұғымдылығы күшті әрқилы қабылетті, зерек ойлы, әңгімешіл жан еді. Малмен бірге жайылып, Текестің суы мен тоғайынан өзге түк көрмей, ауыл арасының өсек-аян, қоңсық сыбырынан басқа түк естімей көрбала боп өскен біздің көзімізді сол ашты. Сабақтың бірінші күнінен бастап біз оның аузынап құлағымызға бұрын шалынбаған не қилы қызық, тың әңгімелер ести бастадық. Айналамыздағы кең дүниенің сан алуан сыры-қырын тұмшалап көрсетпей келген қаранғылық тұманы осыдан бастап сейіліп, түнек шымылдығын түре бастағандай болды.

Оқу кәдімгі қырық бес минуттік сабақ мөлшерімен өткізіледі. Алдындағы кішкентай сары жез қоңырауды шылдыр-шылдыр еткізіп, Сағатбай бізді үзіліске шығарады. Үзіліс кезінде де ол біздің көңілімізді тауып,



сейілдендіре біледі. «Мысық-тышқан», «Ақ серек-көк серек», «Үшінші артық» секілді халық ойындарын Сағатбай бізбен бірге балаша маз-мәйрәм болып, рахаттанып ойнайды. Ол, көбінесе, етік, галифе шалбар, кайырма жағалы гимнастерка киіп жүретін. Жуандау күшті беліне соған лайық жалпақ бекем кайыс белбеу буынатын. Сол мол денесімен бала құсап жүгіргенде, аяғын өзгеше шапшаң алатын еді және негін алқымына тіреген күйі бар пәрменімен қызып жүгіретін. Содан сабаққа қайта кіргенде, біз желігіміз басыла қоймай, әлі бірер минут елегізіп дабырласумен болсақ, Сағатбай да тер мөлт-мөлт еткен қасқа кең маңдайын, мойнын қол орамалымен күлімсірей сүрткілеп, қосыла күлетін.

Сағатбайдың үйі мектептің қарсы алдында, қара жолдың арғы бетіндегі бір шоғыр төрт-бес қараша үйдің бірінде. Ал, Киікбай ауылының мол жинақталған қонысы одан гөрі төменіректе, Батырбай түбегі деп аталатын шағын түбекшенің аузында. Сабақ соңынан Сағатбай бізбен қош айтысады да, үйінде қалып қояды. Екі ауылдың балалары ұлап-шулап жол айырығына дейін бірге келеміз. Осы арадан Киікбай балалары өз ауылына қарай бұрылып кетеді.

Рушымдық алақөзділігінің кеселі балаларға да жұққан. Қымс етсе, бір-бірімізге Киікбай, Найза деп бөлектеп, кемсітіп қарайтын жиіркенішті әдет бар. Надандықтан туған осы жексұрын жікшілікті, әсіресе, жуан білек төбелесқой балалар ұшықтыра түседі. Мұғалімнің қарасы көзден таса болысымен-ақ, олар сойқан іздеп, бір-біріне тиісе бастайды. Найзалар Киікбайды, Киікбайлар Найзаны жамандайды. Бірінің руын бірі келемеждеп, лас өлендер айтады. Онан соң боктасады. Боктаудың арты қызыл тұмсық төбелеске айналады.

Бір күні, жол айырығына жете бергенде, осындай дағдылы майландасу басталды. Әуелі ересек балалар шартпа-шұрт қойғыласып қалды. Мұндайда біздің де делебеміз қозып кетеді. «Киікбай», «Найза!» деген ұранға еліріп, лап қойыстық. Қыздар ғана үрпиісіп, аулақ шеттеп шықты.

Сол кезде сырттан бакылап тұрған адам мынадай картинаны көрер еді: Былп-былп жұмсалған жұдырық, қанжоса болған танау, бет! Көгерген қас-шеке; дар-дар жыртылған омырау; ол кезде бізде кітап салатын сумка деген болған ба! Әлгіндей арпалыс үстінде, қойнымыздан сау-сау төгіліп, шаңға тиген кітап-қағаз; аяқ астына түсіп бырт-бырт сынған қалам-қарындаш...

Киікбайға қарағанда, Найзаның қарасы мол. Әрі біздің балалар кесектеу де, ірі еді. Ақыры, Найзалар еңсеріп, Киікбайлар үйлеріне қарай тырағайлап қаша бастады. Жеңіспен қанаттанған біз қуып бердік. Мен, жұқалығыма қарамастан, нағыз төбелесқойдың бірімін. Шапшаң жүгіретін, жеңіл, кагілез-бін. Оспанбай дейтін менімен өшігіңкіреп жүретін бір баланың соңынан безілдетіп қуып ала жөнелдім.

Еліріп алған аңғал басым, дәл осы шақта алдымда безіп бара жатқан Оспанбайдың жарқыраған жалаңаш өкшесінен өзге дүниенің бәрін ұмытқан болуым керек. Ол бір кезде зымп беріп, үйіне кіріп кеткенде, өзімнің ауыл ортасына келіп қалғанымды бір-ақ байқадым. Сол кезде өкпе тұстағы үйден шыға келген ересектеу бір бала қолындағы ұзынша бақанмен қасқайта келіп, төбемнен бірді салды. Жасқанып та үлгірмедім. Дың еткен ауыр соққы шекемді жарып түскендей болды. Көзім қарауытып, жер дүние дөңгеленіп кетті де, естен танып, сылқ құлап, «бисмилла» деуге мұршам келмеген күнде жан тәсілім еттім...



Дала бөбегі



Жас ақын Тұманбай Молдағалиев комсомолдың даңқты қырық жылдық мерекесіне арнап «Дала бөбегі» атты поэма жазып бітірді. Поэма 1930 жылдардағы комсомол қызметкері Рамазан Әбішұлының өмірінен алынып жазылған. Поэманың бірінші бөлімінде жалынды комсомол қызметкерінің байдың бір қора қозысын тастай қашып қалаға кеткен балалық шағы суреттеледі.

Ал, екінші бөлімінде қаладан білім алып оралған Рамазанның өз туған ауылында комсомол ұясын құрып, оған жастарды тартқаны баяндалады.

Келесі бөлімдерде Рамазан мен оның сүйген жары Раушан екеуінің тап жауларының қолынан қапылыста қаза болғаны лирикалық толғау арқылы беріледі.

Біз төменде сол поэмадан үзінді жариялап отырмыз.

АРНАУ

Үстінен Бақанастың бұлт арылмай,
Тұрса да асыл жаның бір
тарылмай,
Оятты сенің үнің бесігімнен,
Горькийдің саңқылдаған
сұңқарындай.

Кім білсін сүрінермін,
жығылармын,
Көтерем не де болса жүгің
нардың.
Кел, кәне, кәне жылдар, өт
алдымнан,
Аяла анадай боп жырымды әр
күн.

Мен ылғи жырлаушы едім
нәзіктікті,
Демеңдер көңіл күйін жазып бітті.
Өзгерем бұл дастанда, өршіл
болам,
Алдымнан дала күтті, жазық
күтті.

Домбыра, шерте берме мұңды
күйді,
Қашанғы қараңғылар түңдік үйді.
Таң атты, қуаныштың жалауы боп,
Қып-қызыл көк жиектен күн
жымиды.

I БӨЛІМ

Бұлақ боп көкірегінде аққан
арман,
Анасын кім сағынбас әртта қалған.
Сапардан сен оралсаң, ол
күлімдеп,
Шығады махаббатын сақтап алдан.
Ол кезде қырдан аспай даладағы
үн,
Талайдың ет жүрегін жараладың.
Жалғызы келер жолға қарай-
қарай,
Көзі де талады екен жан ананың.
Сол көптің Әсіп алай біреуі еді,
Ұланы келсе бүгін күлер еді.
Сол бала жете алды ма, жетпеді
ме,
Қуалап кетіп еді бір өнерді.

Сәске түс, самал да жоқ жайлап
ескен,
Ойнақтап құлдырайды тай
белестен.
Қапәрсіз қарағайлар ұйықтап
қалған,
Белгісіз осы маңға қай күн өскен.
Басы да көлеңкенің ұзармаған,
Сиыр тұр үй маңында бұзаулаған.
Маңайда қызғалдақтар көрінбейді,
Көктемде қырға толып көзді
алдаған.

Шүйгін шөп сарғылттанған күн
табынан,
Жалырақ жеріген жоқ бұтағынан.
Не күйде қараша үйлер, аласа
үйлер,
Ақ үйден ортадағы күлкі арылған.

Не күйде қараша үйлер, аласа
үйлер,
Қарайды қараша үйге жаны аши
өр.
Кем-тарға қол ұсынған азаматты,
Ардақтап бала сүйер, ана сүйер.

Әндетсін, қамыс басы судырасын,
Жас жігіт сағынды ғой
тұрғыласын.

Салдыртып үлкен жолмен келе
жатып,
Атының осы ауылға бұрды басын.

Тапты ма бала жігіт жоғын алдан,
Жатты ма көңілінде көл мұнарған.
Әйтеуір осы ауылды көп аңсады.
Жөнелді соңына өртіп өмір,
арман.

Ол дағы басқалардай қозы
баққан,
Жетсе де өнеріне өзі ұнатқан.
Ол дағы құзар таудан отын тасып,
Табатын көңілінің жазын оттан.

Самалға жаны ғашық емес пе еді,
Алдынан жүргіншінің жел еспеді.
Жігітті қалың ойдан ажыратты,
Баяғы бала күннің елестері...

... Иінде қозы жусап шаңқай
түсте,
Көк аспан сағымданып тұрды үсте.
Қалғиды қара бала көлеңкеде
Көңілі елти ме екен көрген түске.
Алады сәл тынығып көз шырымын
Дүние қайталайды өз шұңылын.
Ол кенет оянады құлағына
Болады естілгендей бір сұлу үн.

Ақ қозы, қызыл қозы, қара қозы,
Қайталап бала түсте санады өзі.
Тағы да қалғып кетті көлеңкеде,
Жанында еш адам жоқ жалғыз өзі.

Ол әлде шаршаған ба тұрып
таңнан,
Кей сәтте қол бұлғайды сүйікті
арман.





Күн шыға қозыны айдап жөнеледі,
Тамағын ішіп алып суып қалған.

Болғанша оралмайды кіші бесін
О, достым малшы жайын
түсінерсің.

Жапанға қозы жайып шыққаныңда
Жаныңа ең болмаса күшік ерсін.

Бір кезде орап алды бұлттар көкті,
Ақ жаңбыр жер тозаңын бүркіп
етті.

Таяғын оң қолынан ажыратпай,
Маужырап байғұс бала ұйықтап
кетті.

Жел тұрып ең далада үілдеді,
Сортаң жер топырағын суырды
енді.

Жөнелді су жағалап тым-тырақай,
Манағы жатқан қозы міндегі.

Көктемнің ақ жауыны сіркіреді,
Қозылар сай қуалай дүркіреді.
Кейбірі маңырайды, аңырайды,
Кейбірі тұра қалып сілкінеді.

Демеңіз қырсық қайдан табылады,
Қозылар жолға шықты танымалы.
Барлығы тобын жазбай дүрлікті
де,
Қойына көрші ауылдың
жамырады.

Кетті ғой ұйықтап ойға батып
мұңды
Төлейді төл жоғалса қайтіп құнды.
Тоңазып тұла бойы қалш-қалш
егіп,
Орнынан Рамазан атып тұрды.

Төл қайда мана жатқан
шоғырланып,
Жүгірді жас жүрегін қолына алып.
Маңайда бір қара жоқ, айқайлады
Жұбатар қамқоршы кім оны
барып.

Жүгірді сайға түсті, қырдан асты,
Сұртті де жанарына тұнған жасты.
Бай үшін адам емес, малы
қымбат,
Басқаны ол ешқашан да
тыңдамас-ты.

Анасы шақырар-ау үйге кел деп,
Әрине, ара түсер күйбелеңдеп.
Әйтсе де Рамазан көз алдында,
Қамшы тұр сұр жыландай
ирелеңдеп.

Абайсыз бола қалса бір мал
шығын,
Кетпеген арқасынан әр
жалшының.
Ол қашты дала жақтан қала жаққа
Көрмеуге ащы зәрін сол
қамшының.

Ол сөйтіп қашып кеткен бай
малынан,
Серік қып ақ күшігін айға ұлыған.
Қалаға сол кеткеннен жаяу
жеткен,
Еншіге бұйырмаған тай да бұған.

Өмірдің ауыр жүгін арқалауға,
Отырған шәкірт болып партаға да.
Қаладан әркүн сайын хат
жолдайтын,
Ауылда жылап қалған қарт анаға.

Қарт ана қала жаққа қарайлаған,
Жалғыз оралады қалайда оған.
Қазір-ақ жадырайды байғұс
кемпір,
Көп жүрген мал соңында жау
айдаған.

Асығыс кірді жігіт шеттегі үйге,
(Баяғы өзі тастап кеткен үй ме?)
Төр жақта отыр екен аяулы ана
Сағыныш қасіретін шөккен күйде.

Білмеді күлерін де, жыларын да,
Білмеді амандығын сұрарын да.
Тас болып қатты ма екен қайран
ана,
Тапжылмай тұрып қалды бір
орнында.



Бала ғой жастайынан өксік көрген,
Жаңа өмір соқпағына түсіпті
өлден.
Кім білсін туған жерге Рамазан —
Бақыттың құсы ма еді ұшып
келген.
Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ.

ҮШ ӨЛЕН

БАЛАПАЦДАР

Өлді бір күн ақсаңдап,
Қара тауық күркілдек.
Езулері сары таңлақ
Балапан қалды үлпілдек.
Әжем бәрін жиды да,
Салды өкеп қорапқа.
Жем төгіп, су құйды да,
Жүрді түнде қарап та.
Астына мол қиқым сап,
Үстіне тон жабасың,
Сонда да олар шикылдап,
Жоқтай берді анасын.

ЖАРАДЫМ МЕН ӘЖЕТКЕ

Өткір тілді «Шанышқы»
Кедергіні күйретті.
Талайлармен алысты,
Мұратты да түйрепті,
Жолдасынан есітті,
Анасына ұққанын
Келе сала бәсіпті:
— Жетпедің дәуші ең әжетке,
Көрдің бе шықтым газетке.

КӨК ҚАРБЫЗ

Атасы зекіп: — тек, — деді,
Ақ қарбызды, — көк, — деді.
Атасына сенбеді,
Нығай берді қарынды.
Ол бақшаға келгелі,
Талай қарбыз жарылды.
Ұрды жерге шалқайып,
Пышақпен де жарғызбай,
Қарны кепті қампыып,
Өзі жеген қарбыздай.

Жәнібек КАРБОЗИН.

МАКСИМ ЗВЕРЕВ



Максим Дмитриевич Зверев — жас оқушыларымызға жете таныс жазушының бірі. «Аңның ізі жымымен», «Құстың сүті», «Орман алауы», «Көгілдір үңгір» хикаясында, аңмен құстың өмірі, өрісі, сыры шебер баяндалады. Жазушының осы жоғарыда айтылған шығармалары жеке-жеке кітап болып та, жинақ болып та сан рет баспадан шықты. Бұлар мыңдаған жас оқушылардың сүйіп оқыр серігі, ой өрісін шалқытып, ізшілдікке, аңшылыққа, сергектікке мезгеген ақылшысы болды.

Максим Дмитриевич Қазақстанмен іргелес өмірі, шаруашылығы араласып жататын Сибирьдің Барнауыл қаласында 1896 жылы туды, сол Сибирь өлкесінде өсті. Ол 1923 жылдардың шамасында Томск қаласында мемлекеттік университеттің биология факультетін бітірді. Оның алғашқы әңгімелері де сол 1922—23 жылдарда жарық көрді.

Алғашқы «Қасқыр аулау» деген әңгімесінен бастап Зверев, күні бүгінге дейінгі жазған шығармаларында, аң, құс, жаратылыс көркі сияқты натуралистік тақырыппен шұғылданды. Ол — өзі биология ғылымын білетін маман. Сонымен бірге, Зверев аңдарды бағушы, ұстаушы, мерген — ізші адамдар жөнінен көп жаңалық айта отырып, жас натуралистердің тәжірибе жұмыс ұйымдастыруына көмектеседі.

Жазушының бір өзгешелігі, жаратылыс, жер, су, жыл мерзімдерінің өзгешеліктерін жақсы біледі. Оларды ұғымды тілмен айтады. Әсіресе, Алтай, Алатау, Сибирь, Жетісу өлкелерінің өзгешеліктерін, осылардың өсімдіктерін, соларды мекендейтін аң-құстардың тіршілігін жақсы біліп, оқушыларға жеткізе білген.

Зверевтің «Қанатты силық» деген кинокартинасы 1957 жылы жарыққа шықты. Жазушының бір ерекшелігі оқушысына ғылымнан да хабар беріп отырады.

Оның «Орман алауында» деген жинағы 1952 жылы республикамыздың «Абай» атындағы әдебиет бәйгісін алды.

Максим Зверевтің онкүндік қарсаңында «Алтын киік», «Қала үстінен тырналар ұшқанда» деген жинақтары басылып шықты.

С. БЕГАЛИН.

Хайуанаттар паркінде

ЖОЛБАРЫСТЫҢ ӘЛЕГІ

Қыстыгүні түн ортасы кезінде күзетші әйел бір жұмыспен жыртқыш аңдардың қорасына кірді. Үлкен қораның ішінде кішкене ғана электр шамы жылтырайды — түнде тым жарқырап тұрса аңдардың тынышы кетеді.

Қораның ішін аралап келе жатып ол бір үйшіктің есігі ашық қалғанын байқап қалды. Қараса — жолбарыс өзіне қарсы атылғалы

шокиып отыр. Зәресі ұшқан әйел жалма-жан қарсыдағы сыпырғыш, итаяқтар тұратып бөлмешеге кіріп кетті де, тиегің сала қойды. Бірақ, қаракөлеңкеде оттай жайнаған жыртқыштың екі көзі күзетшіден таяр емес, шарбақ есікке ұмтылғалы тұр. Есі шыққан кезекші дереу жоғары көтеріліп терезеге жетті. Терезеде темір тор — шығуға болмайды. Құтылуға дажы қалмаған күзетші әйел ойбай салып:

— Өлдім! Өлдім! Келіндер! — деп бақырды.

Мұны түнде тойдан қайтқан екі жұмысшы естіп қалды. Екеуі де қызулау, көтеріңкі келе жатқан адамдар болатын. Іркілместен аң қораға жақын келді.

— Не болды?

— Акбар шығып кетті!

— Қайда?

— Әне, үйшігінің алдында отыр! Екі көзі менде.

— Сол ма! Түк те етпейді. Мен оны қазір ұстаймын. Василий, маған көмектесе бер! — деді бірі батырсынып.

— Әй, білмеймін... Осы бәленің өзін... — Қорқақ, пыстың ба! Жәрәйді, өзім-ақ ұстаймын!

— Жок, мен бе? Мен сенен бұрын ұстаймын. Степанида менің жиеншарым гой! Үрейленіп безектеп тұрғанын көрмейсің бе?

Бұның бірі сырттағы күзетшінің мылтығын, екіншісі шотаяқ алып, қораға кіріп те кетті. Қақпа мықтап жабылып та қалды.

Екі жұмысшы, бірін-бірі көтермелеп, қораның ортасымен, екі жақтағы үйшіктерге қарап келе жатыр. Олар аңды оп-оңай үйшігіне қуып тықпақ!

Қаракөлеңкеде аң олардың алдынан шыға келді. Қарсы келе жатыр.

Жұмысшылар селт етіп сасып қалды.

— Бар орныңа, Акбар! — деді біреуі, даусы қалтырап.

Жолбарыс он қадамдай жақындап келіп шөкесінен отыра қалды. Тайсалар емес. Хау-іп күшейе түсті.

Жұмысшының біреуі сасқалақтап мылтықтың құлағын қайырып жатыр. Екіншісі шотаяқты үйіре кеп жібергенде, сол жағындағы жұмысшыға сарт етті де, ол мұрттай ұшты. Оның қолындағы құлағы қайырулы мылтық та күрс ете түсті. Сықсифан шам да быт-шыт болды. Қараңғы қораның ішінде бөрліккеп аңдар у да шу. Шотаяқ жұмысшының кеудесінен тиіп, демі біткен ол, мәңгіріп қақпаға жеткенде, сыртта тұрған адамдар қаумалай көтерісіп әкетті.

Екінші жұмысшы қараңғыда жандәрмен, қармалап барып, жолбарыстың үйшігіне кірді де, ергенені тарс жапты.

Мылтықтың даусынан қорқып қалған жолбарыс кісіге тарпа бас сала алмай, қораның ортасында отыр.

Осы кезде у-шуды есітіп келген парктің директоры қақпаның алдында жатқан жұмысшыға:

— Жыртқыштардың қорасына рұқсатсыз неге кірдіңдер! — деп ұрсады.

Қораның іші асыр-түсір. Не боп жатқаны белгісіз. Арыстанның ақырғаны, аюдың бақырғаны — бәрі ың-жың.

Кенеттен қораның ішіндегі екінші жұмысшының үрейлі даусы естілді...

Бұл кезде милицияға жедел көмекке де, телефон соғылып үлгірілген еді.

Тұс-тұсынан келіп үлгірген көмекшілер ғана жолбарысты түтіктен сумен ұрып, тасымал үйшікке әрең қамады.

Осыдан кейін барып қана жоғарыға шығып, терезенің торына жабысып қалған күзетші әйелді түсіріп алуға мұрша келді. Жолбарыстың үйшігіне кіріп кеткен жұмысшы бақ ете қалғанда ғана, оның тірі екені білінді. Сөйтсек, ергененің тиегін қолымен жауып отырған оның саусағына суырдың тұмсығы тиіп кетіпті. Ол оны жолбарыстың аяғы деп бақ ете түскен екен. Қойшы әйтеуір, қанша ойран-топан болғанымен бәрі аман-есен аяқталды-ау.

МАЙМЫЛДЫҢ ҚАЛЖЫҢЫ

Қалжыңбас, Қатпа деген екі маймыл бір үйшікті жайлайтын. Серуенге келгендер күнұзын осы екеуінің жанында болатын.

Қалжыңбас — ойыншы, ұшып-қонған ұрыншақ-ақ. Қатпа — жалқау, тартыншақ. Қалжыңбастың күн сайын ертесімен Қатпаны соғатынын келушілердің ешбірі білмейтін.



Қалжыңбастың ұрғанына Қатпа әбден үйренген, қарсылық білдіруді де қойып кеткен. Осыдан кейін екі маймыл күні бойы ажыраспастан ойнайды да жүреді. Маймылдарды бөлек-бөлек қамамақ оймен, оларды екі үйшікке отырғызып көріп еді. Бірақ, олар тамақ ішпей өкпелеп, бір-біріне ынтықты да тұрды. Болмаған соң бұл екеуін қайта үйірлестіруге тура келді.

Бастары қосылысымен-ақ Қалжыңбас Қатпаны соғып алды да, ойын қайта басталып кете берді. Бағушылар да қолды бір сілтеп, мейлі не болса, о болсын дегендей, өз жайына кетті.

Бір күні келушілердің бірі бұлардың үйшігіне тасбақа тастап кетіпті. Оны Қатпа қолына алып олай бір, бұлай бір аударып қарап, жәй тас сияқты, лақтырып тастай салыпты. Бірақ, Қалжыңбас олай етпеген, оның тасбақадан үрейі ұшып, допша жоғарыға бір-ақ секірген. Ол күн батқанша жоғарыдан түспей отырып алған. Келесі күні де төмен түскенімен тасбақа жатқан бұрышқа жоламай қойған.

Бірақ, ол бұрынғы дағдысын әлі қойған жоқ, ертеңмен Қатпаны соғып алады. Бір күні ол байқамай, Қатпаны соғу үшін, тасбақа жатқан бұрышқа отыра бергенде, тасбақа құйрығынан шымшып-шымшып алды. Сөйтіп, бұл күні Қалжыңбас Қатпаны ұра алмай қалды. Екінші күні де Қатпа тасбақаны қорғалады. Осылайша он күн өтті. Қалжыңбас та тасбақадан қорқуды қойды, оған еті үйренді. Бір күні ертеңмен, әбден ашуы келген

Қалжыңбас, тасбақаны ұстай алды да, басын жұлып алып, жирене лақтырып кеп жіберді.

Міне, осыдан кейін жұрттың бәрі бұл енді Қатпаны құртады десті. Бірақ ол, Қатпаға тиген жоқ. Онан кейін ұруын да бір жола қойып кетті.

ТЫРНАҚПЕН ҚЫЛЖАҚТАУ

Бұл қылжақ жарты жылға созылған. Екі жолбарыс жатып алып, қасындағы үйшікте жатқан аюдың тырнағын аңдатын. Аю да оларды мазақтауға тоймайтын. Ол аяғын көсіліп шарбақтан шығарады да, жолбарыстар шап бергенде, зып еткізіп тартып ала қояды.


Міне, өстіп жүргенде, бір түнде аңдар қораны азан-қазан қылды. Бұл жолы аю аяғын тартып алуға үлгіре алмай қалып, жолбарыс та тырнағын салып жіберген екен. Аю іліккен аяғын екінші аяғымен босатпак болғанда, оны екінші жолбарыс шап беріпті.


Екі алдыңғы аяғынан бірдей қармаққа ілінген аю байғұс, екі артқы аяғын іргеге тіреп, өкіре шегінеді. Бірақ, екеуі екі аяққа жабысқан жолбарыстар жіберер емес, тырма са тартып қалған. Аю гүжілдеп, көп бұлқынады. Аңдарда зәре жоқ. Бірі үрсе, бірі шырылдайды. Бірі сұңкылдаса, бірі ырылдайды.

Дыбысты естіп халық та жиналып қалды. Жарықты жағып жіберіп, олар ілінісіп қалған аңға су да құйып жатыр, ауыздарына құрық та сұғып жатыр. Біреулер олардың тұмсығына шамды да жақындатқан болады. Бірақ, қарысқан аңдар түкті тындар емес. Тіпті қорқытпак боп аспанға мылтық та атылды. Ештенені елең қылар жыртқыштар жоқ.

Аю сірескен қалпы, алдыңғы аяқтары бір елі босата алмады. Бұлар осылайша қасарысып едәуір-ақ тұрды. Бірақ, аюдың күшіне жолбарыстың бірінің жағы шыдамады. Оның аузынан аяқтың бірі шыжымдап шыға бастады. Ауыздың әлсірей бастағанын сезген аю, аяғын жұлқып қалғанда, босап та кетті. Үш аяқты жерге бірдей тіреп, қара күшпен шегіне жұлқығанда, екінші аяғы да ауыздан босады.

Осыдан кейін ғана аңдар бет-бетімен бұрыш-бұрышқа жүгірісті. Аюдың соңғы босаған аяғының бірнеше башпайы жолбарыстың аузында кетіпті. Кейінде сол аяғын жалап, үйшігінде ылғи артқы аяқтарымен ғана жүретін болды. Бұдан кейін ол аяғын тордан шығармайтын болды.





Н. ВИРТА.

МУРЗИЛКАНЫҢ ТЫШҚАННАН ҚОРҚУЫ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ЕКІ ИТТИҢ ДОСТЫҒЫНЫҢ НЕМЕН ТЫШҚАНЫ ТУРАЛЫ

Сіздер, о заманда бұ заман тышқаннан қорыққан мысықты көргендеріңіз бар ма? Жоқ па! Ал, ендеше мен көрдім. Керек десеңіз, ол мысық менің өз үйімде болды. Оның аты Мурзилка еді. Өзін көктемде алып келгенбіз. Оның аппақ сәлекет тұмсығы, құйрығының ұшында ақ теңбілі бар, кішкентай, сұр мысық еді.

Ол мынандай бір масқараға ұшырады. Бір жолы, әдеттегісінше дөңгелене жиырылып ас үйде ұйықтап жатыр еді, кенет қайдан шыққаны белгісіз, қасына тышқан келе қапты.

Одан кейін не болғанның бәрін үй қызметші әйел өз көзімен көріпті. Ол бұның растығына құдайды аузына алып, ант-су ішті.

Мысықты көріп, тышқан бір жағына қарай жалт береді. Сол кезде Мурзилка оянып, тышқанды көзі көреді. Әрине, ол да өзінше мысықтығын жасап, тышқанды ұстап алмақ болады. Сөйтіп, тышқанды құған екен, бірақ, тышқан мұның шорқақтығын сезіп, тіпті, қорқа қоймапты, қайта өзі мысыққа тап беріп, тұмсығын тырнап алыпты. Ол бір талайды көрген, қу, әккі тышқан болса керек. Мұндайды бұрын көрмеген, әрі тұмсығы ауырып қалған мысық өлімсіреп мияулайды, ал, сол кезде тышқан ініне жылп ете қалады.

Мурзилка есейгенмен де, ешуақытта тышқан аулау дегенді білмеді. Тышқаннан ол өлердей қорқушы еді. Үйде тышқан ұстайтын қақпанның бары мұндай жақсы болар ма. Әйтпесе, мұндай жөксұрын, ашқарақ зиянкестерден құтылу қиын болар еді.

Сөйте тұра Мурзилка менің иттерімнен қорықпайтын, қайта бұл тату тұрды.

Менің «Дружок» және «Лапка» деген екі итім бар еді.

Сіздердің өмірде «боксерлар» деген тұқымнан шыққан иттерді көргендеріңіз бар ма? Кісі қорқарлықтай жалпақ тұмсық, шолақ құйрықты сарғыш ит-

ОЛАРДЫҢ адалдығы

терді көрдіңіздер ме! Алайда, ол иттер тек түріне қарағанда ғана қорқынышты. Шындығында, олар өте сүйкімді, аса ақылды, жақсы күзетші иттер. Өзге иттердің ешқайсысы иесіне бұлардай адал болмайтын шығар. Бұлар сізге келген қонақтармен де еркін танысып кете алады. Бөтен адамның өзін де үйге кіргізеді. Бірақ, иесі келмейінше оны үйден шығармайды. Қалай етсең де шығармайды. Мұндай кездерде ол иттер есіктің көзіне жатып алады. Егерде, сіз оның қасына жақындауға айналсаңыз, боксер әуелі ашүмен ырылдайды. Бұл оның сізді сақтандырып енді аяқ баспа! дегені. Егерде, сіз оның бұл ескерткеніне қарамастан, әлі де есікке қарай өтіп кетуге беттесеңіз, ит сізге бас салып, тура тамақтан алуға тырысады. Ондай кезде халіңіз мүшкіл. Бұндай иттер ұстаса, өлтіре ұстайды. Егерде, ол не тамағыңыздан, не қолыңыздан бір алса, жағы қарысып қалады. Сізден аузын айырып әкетуге оның өзі де құштар. Бірақ, белгілі мерзімі өтпей, оның жағын ешбір жазып әкетуге болмайды.

Боксердың көзінше оның иесінің бірде-бір нәрсесін алам деп ойламаңыз. Ит қарсы алдыңызда отырып алып, ұстаған нәрсеңізді дереу қайтадан орнына қоюыңызды талап етіп, ырылдай бастайды. Бұдан кейін, егер сіз оның дегенін істеген күнде де, ол әлі сізді көпке шейін аңдумен болады. Сол сәттен бастап сіз иттің көзіне сенімсіз кісі боп көрінесіз. Ол сіздің қылығыңызды көпке дейін ұмытпайды да және сізді өмірі үйден жалғыз шығармайды.

Боксер иттер өте төзімшіл келеді, жөнді ауырмайды да, әрі тамақ та талғамайды. Олардың өденге жатып ұйықтағысы келмейді. Оларға арнап бір кресло немесе матрац төселген диван тәрізді бірдеңе жасап беруіңіз міндет. Боксер тұқымды иттерден таза итті мен көрмедім. Өздерінің қалың, қысқа жүндерін жалағанда, түк қалдырмайды, төрт айға толған соң ешуақытта үйге кір жуытпайды. Қыдыруды тәуір көреді, суға тамаша жүзеді және тілалғыштығы кейбір баладан зият.

Мінекей, менің қолымда осындай ит болды. Оның паспортындағы аты шетелдік бір есім еді. Бірақ, біз өзіміздің боксерды Дружок деп атадық. Және бұл атау оның өзіне дегендей-ақ лайық болды.

Менің өзімді де, балаларымды да ол жанындай жақсы көрді. Әрі өзі өте қызғаншақ еді. Мен баламды құшақтап, сүйді дегенше, Дружок қасыма дереу жетіп келеді. Даяғымның астында айналшақтап, айнала секіріп, өзін де еркелетсе екен дейтін. Ал, егер оған көңіл бөлмесеңіз, ол өршеленіп үре бастайтын.

Тілалғыштығы ғажап еді.

Мінекей, біз тамақ ішіп отырмыз делік. Дружок, шолақ құйрығын бұлғаңдатып, бір қырындап ас үйге кіреді де, менің қасыма келіп, қашан оған бірдеңе бергенге дейін күтіп жатады. Және біртүрлі кісі аярылықтай етіп күрсінеді.

Мен кішкене байсалды үнмен:

— Дружок, сенің өз орның қайда! — десем болды, ол дереу орнынан түрегеліп, тіпті өлімсірей сүйретіліп алдыңғы үйге шығады. Бара жатып, қайтер екен дегендей, есіктің алдына бір тоқтап, бізге қарайды. Егерде, біздің біреуіміз күлсек болды, Дружок қайтадан столдың басына жетіп келеді. Бірақ, мен қабағымды түйсем, Дружок қайта кетеді.

Содан кейін бізге оның өз төсегіне еріксіз шығып аһлап-уһлеп, күрсініп жатқаны естіледі. Тіпті, кәдімгі кісі тәрізді!

Оның ұйықтап жатып түс көруі де адам тәріздес еді. Оның түсіне ылғи бір ғажайып нәрселер кіретін сияқты. Ұйықтап жатып, біресе қыңсылап, біресе қырылдай үріп, аяқтарын басатын. Бір жаққа қашып құтылғандай болатын. Сонан соң қайтадан қатты ұйықтап, үйді басына көтере қорылдайды. Сондықтан, еріксіз тұрып оны оятуға тура келетін.

Ал, өзі көрсеқызар еді! Әсіресе, ол менің машинама қызығатын.

Мен жұмыс істеп отырсам, Дружок менің жазу столымның үстіне шығып алады. Ол ірі еді, бір бүйірде отырып алып, әріп рычагтарының қалай ыршып тұратынын байқайды. Ал, жол біткен кездегі ескертпе қоңырау сылдыраған кезде, Дружок басын бір жағына қарай қисайтып алып, құлақ түре қояды. Осы күйде жарты сағаттай, бір сағаттай отырады. Сонан соң жалығып кетіп жерге қарғып түседі де, менің қасыма келіп, бетіме өркелей қарап, алдыма алып отыруды өтінгендей болады.

Мен оны аяп кетемін де, алдыма аламын, ол шиыршықталып, жайымен пысылдап жатады. Сөйтіп жатып ұйықтап кетеді. Тағы да үйді басына көтере қорылдайды. Мен оған күліп жіберем, сол кезде Дружок оянып, жан-жағына қарайды да, қайтадан қалғып кетеді.

Ол өзімен сөйлескенді өте жақсы көруші еді. Мен креслода кітап оқып отырсам, Дружок менің қасыма келіп, қашан кітабын оқып бітер екен деп қарсы алдымда күтіп отырады. Немесе табанымен кітабымды тартқылап қояды. Бейнебір:

— Соны оқитын уақыт табарсың. Менімен сөйлессеңші, — деп тұрғандай көрінеді.

Сонан соң мен онымен әңгімелесе бастаймын. Ал, ол шынымен бәрін түсініп, бірақ, жауап беруге тілі жоқтай, маған бар зейінімен қарап, айтқан сөздерімнің бәрін аңдап отырады. Тіл білмегені сондайлық өкінішті-ақ. Әйтпесе, ол маған көп әңгіме айтқан болар еді.

Менің сөзімнің қайсысын болсын (әрине, кәдімгі үйреншікті сөздерді) ол түсініп, істе дегеннің бәрін бұлжытпай орындайтын. Маған туфли, газет, кітап әкеп беруге, жалпы алғанда, маған бір қызмет еткенге ол сондай қуанып тұратын. Ал, егерде бір айтқанды жадында ұстаса, оны өмірі ұмытпайтын.

Көктемде біздің селоның электр станциясын жөндеп жатқан кез болатын. Үйімізде керосин болмай қалды. Қайткенмен түнде менің жұмысқа отыруым керек. Амалсыз, май шам жағуға тура келді. Сонымен жұмыс істеп отырмын. Дружок менің қасымда жатқан. Бір кезде ол кенет орнынан түрегелді де, кабинетте олай-бұлай жүрді, сонан соң отыра қалып, люстраға көпке дейін қадалып қарай берді. Ол жанбай тұрған. Енді ол стол үстіндегі электр шамына көз салды. Әрине, ол да жанбай тұр. Сонан соң ит ештеңеге түсінбегендей май шамға көпке дейін қадалып қараумен болды.

Ал, мен оған сөздірмей қарап отыр ем, Дружоктың: «Шам неге жанбайды, оның орнына әлдеқандай бір ақ таяқ неге жанып тұр!» деп мүлде қайран қалып отырғаны маған айқын болды.

Мен күліп жіберіп ем, қалың ойда отырған Дружок селк ете қалды. Сонан соң, неге екені белгісіз, ұялды білем, кабинеттен ақырын жылжып шығып кетті.

Ойынға, қыдыруға келгенде ол әсте жалықпайтын. Әсіресе, менімен бірге қыдырғанды жақсы көретін. Мен таңертеңгі асымды ішіп, үйден шыққанша, Дружоктың безілдеп шыдамы жетпейтін. Біресе, менің қолымнан тартқылап, біресе есікке қарай жүгіріп, қаңсылап, өнбойын селкідетіп, құйрығын бұлғаңдатып, есі шығады.

Менің есік ашқаным мұң, ол оқша атылып, алдыма түседі. Жүз метрдей жер жүгіріп барып, артына қарайды, сонан соң, есі қалмай секіріп, құйрығын бұлғаңдатып, қайтадан жүгіріп кетеді. Жолшыбай оның әуестенбейтін нәрсесі, қызықпайтын ағашы қалмайды. Қасына жетіп барып, іскелеп, қайтадан жүгіріп кетеді. Кейде мен оны алдап қоямын. Келе жатып жолдың жиегіндегі жыраға немесе жуан ағаштың тасасына жасырына қаламын. Дружок артына қарап, серігінің жоғын көріп, бері қарай жүгіреді. Әрине, тура тап баспай, қасымнан зулап өте шығады. Сонан соң менің ізімді іскелеп, тауып алады, сол кездегі қуанғанын көрсең! Мені айнала жүгіріп, бетімді жаулауға ұмтылады, еркелей үріп, бар денесімен бұралып, қуана қыңсылайды. Кейде мен қайыққа отырып, Дружокты ертпей, әдейі қалдырып кетемін. Бұл оның ойына да кіріп шықпайды. Суға қарғып түсіп, қайықпен қатарласып, қашан шаршағанша жүзе береді. Сонан соң біз оны амалсыз қайыққа мінгізіп аламыз. Ол қайықтың тұмсығына отырып алып, нағыз капитанша алға қарайды.


Үйде біз онымен көбінесе тығылмақ ойнайтынбыз. Мен Дружокты ауызғы үйге қуып жіберіп, өзім бір жерге тығыла қаламын. Ол мені әуре болып іздейді. Әрине, ол менің қайда тығылғанымды біледі. Өйткені, оның нісшілдігі сондай, адам қызығарлық. Бірақ, мені ә дегеннен тауып алса, оның не қызығы болады! Сондықтан, ол үйді шарқ ұрып іздейді, столдың астын, тіпті, диванның астын да қарайды... ақыры мені есіктің пердесінің артынан тауып алып, тағы да есі шығып қуанады.

Бірақ, ол әрдайым осындай айтқанға көңілш, тілалғыш емес-ті. Кей кезде ол қияңқылық та жасап қоятын, онысы тым асқынып кетіп, қатаң жаза да алып қалушы еді. Алайда, ондай жайлар өте сирек, ілуде бір болатын.

Бір жолы ол қорадан қашып кетуді әдет қылды. Қораның сыртқы қақпасы да, ішкі есігі де жабық болатын. Бірақ, Дружок іште көрінбейді. Бүкіл қораның ішін, огородты түгел шарқ ұрып іздедік, атқораның ішін де қарадық, өйткені, ондағы Снежинка мен оның құлынына Дружок жиі барып тұратын... Не керек, Дружок жоқ!

Мүмкін, дуалдың астын қазып шығып кеткен шығар! Жоқ, ондай қазылған жер аулада көрінбейді. Ал, көршілеріміз болса, Дружок тауықтарымыз бен қаздарымызға маза бермей қойды дегенді айтады. Рас, ол тауықтар мен қаздарды қуғанда оның ешқандай қастандық ойы болмайтын. Бірде-бір тауыққа, қазға, не қаздың балапанына оның істейтін залалы жоқ еді. Бар болғаны, ол әрі жүріп, әрі ұша алатын аппақ мамық жүнді осынау бір құстарды көргенде шыдай алмай кететін. Өзінен қорқып, жандаусы шыққанша шақырып, аспанға беталды ұшқан тауықтарға қарап тұру оған бір түрлі қызық сияқты көрінетін. Тауық болсын, қаз, үйрек болсын мейлі, оған бәрібір. Тек қорқытып өзінен олардың қалай қашқанын көрсе болғаны.

Дегенмен, көршілерден мұндай сөз шыққан соң,



құстардың мазасын алатын Дружоктың бұл ермегіне тиым салу керек болды. Мен оны аңдуға айналдым. Сонда не білдім десеңші! Дуалдың астын қазу деген оның ойында жоқ, тек дуалдан ар жаққа бір-ақ қарғып түсетін көрінеді. Және әрдайым бір жерден қарғиды. Оның қарғыын деп тұрған қалпын мен бірнеше рет байқадым. Ол дуалдың алдына отырып алып, жан-жағына қарайды, егер, сол кезде оны байқап тұрған ешкім болмаса, бойындағы бар күшін жиып алып, құстай ұшып, дуалдан асып түседі екен.

Мен оның қарғыған кезін екі-үш рет өз көзіммен көрдім. Оның қарғыуына қандай спортшы болсын қызығарлық. Бұдан кейін мен оны жер жебіріне жеткенше ұрсып, үйге алып келдім. Дружок қорыққаннан қалш-құлш етіп, өнбойын жаланып, есінеп, түк көрмегендей, жуаси қалды... Бірақ, не керек, ертеңінде бұл ісін тағы қайталады.

Сөйткенмен де, мен оны бұл жаман әдеттен арылттым. Амал жоқ, қатаң жаза қолдануға тура келді. Дружоктың ылғи қарғып жүрген жеріндегі дуалдың үстіне мен шынының сынықтарын сеуіп қойдым. Дружок секірем деп табанын қатты жаралап алды... Сонан кейін оның қаз, үйрек, тауықтармен ермегіне тиым болды. Алайда, ол дәл осы кезде тағы бір ермек тауып алған еді. Біздің үйге Мурзилка деген мысық тап болды. Мен оны осы әңгіменің басында-ақ айтқанмын.

* * *

Ит пен мысықтың бір-бірін жеккөретіні белгілі. Олардың бұл жаулығы қайдан шыққан? Адамзаттың тарихына қарасақ, адамның алғашқы асыранды хайуаны — ит болыпты. Шамасы, сол бағы заманда мысық жабайы хайуан боп, адамды біраз әуреке салған болу керек. Ол кезде қалай болғанмен де, ит пен мысық ежелден жауласумен келе жатыр. «Ит пен мысықтай ырылдасып тұрады», деген мақал жер жүзіндегі барлық елде бар десе болар.

Алайда, біздің білуімізше, мысық пен иттің өте тату тұратын кездері де көп болады. Тіпті, олар бір-бірімен достасып та кетеді.

Мурзилка мен Дружоктың алғашқы кездесуі де қолайлы тимеді. Дружок, мысықты көрген бойда, ырылдап, тап бермек болды. Мурзилка да арқасын күдірейтіп, құйрығын бос тастап, айбаттана мияулап

еді, Дружок кейін шегінді. Бірақ, оның бұл қорқынышын, оның өшпенділігі мен жеңсікқойлығы жеңді. Дружок мысыққа қарай тағы бір қадам жақындап еді. Сол кезде Мурзилка Дружоктың тұмсығына тырнақтарын салып жіберіп, айғыздай қылды. Бұл кішкентай сұр мысықтан мұндай шапстерді өмірде күтпеген Дружок аянышты түрде қаңсылап, бетімен қаша жөнелді. Ал, мысық болса, әлі де ызаланып, көпке дейін пысқыра берді... Сонымен бес күндей уақыт өтті. Екеуі де бірін-бірі көрсе болды, қорғаншақтай қалады. Алайда, Мурзилканың күдірейген айбаты мен ысылдаған үнінен батыр Дружоктың зәресі ұшып, көбінесе қашып кететін.

Алайда, не болса, о болсын, ол екеуі бір үйде бірге тұрушы еді, сондықтан, бұл үйден не мысықтың, не Дружок-

тың кетуі керек болды. Бірақта, анау да, мынау да кеткісі келмеді. Ит пен мысық аз-аздап бір-біріне үйрене бастады. Сөйткенмен де, олар қашанда жанжалға дайын тұрушы еді... Және әрдайым мысық басым түсетін. Ол құртақандай болып өткір тырнағымен Дружоктың зәресін алатын. Дружок өзінен он есе кішкентай, екі есе жас жауынан сан рет таяқ жейтін.

Дружок өзі тиісуін қойды. Мурзилка да оны көргенде ысылдап, күдірейіп, шапшитын әдетін тастады. Ал, екі айдан соң екеуі біржола татуласып кетті. Енді Дружок қасына келгенде, мысық оны елең де қылмады. Ал, Дружок болса, өзінің бұл пайдасыз жанжалдан қатты қажығанын түрінен көрсетіп, енді тиіспеймін дегендей мысыққа құйрығын бұлғандатушы еді.

Дружоктың жалғыз өзі ғана жататын диваны мысықтың жанына жайлы тисе керек, ол сонда ұйықтауға айналды. Дружок бұған да көнді. Ол — ол ма, Дружок түнде жатарда өзінің кішкентай серігіне соқтығып оятып алмауға тырысты. Олай етсе, ол дереу мұның тұмсығынан салып қалар еді. Бейшара бәріне де шыдады. Ол тіпті өзінің итаяғынан мысықтың ас ішіп, мұны соншалық кемсіткенінің бәрін көтерді. Алайда, Мурзилкаға құйылған сүтті Дружок жалауға айналған кезде, мысық дереу тырнағын жұмсайтын. Содан соң Дружок кінәсін сезіп, тәтті дәмнен ауыз тимей кейін шегінетін.

Мінекей, баяғыда тышқанды көрсе, зәре-құты қалмайтын жаман мысық осының бәрін итке істеді!

Дружок бір-ақ нәрсеге шыдай алмады. Ол менің мысықты алдыма алып, еркелеткеніме көнбеді. Қызғаныштан іші жарылып кете жаздап, ырылдап, даусы қарлыққанша үрді, мені мысықтан бөліп әкетпек те болды, тіземе әкеп өзінің тұмсығын тықты... Бірақ, серіктес досынан бір мықты шапалақ жеді де, мыңқылдай ырылдап, күрсіне басып, өзінің төсегіне қарай жөнелді. Оның түрі өкпелеген бала сияқты, тіпті аяғанда адамның жаны ашырлық еді.

Кейде Дружок өзінің осындай жәбір-жапа көріп жүргенін сезгендей болып, қалай кек алуды ойлайтын. Мурзилка әлдеқалай оның шамына тисе, Дружок ызаланып, мысықты жеп жіберердей болып долданып қуып беретін.

Сол кезде мысық қайтеді дейсіз! Ол шкафтың үстіне қарғып шығып алады да, пырылдап, итті онан

жаман ызаландыра түседі, ал, ит болса, шкафты айнала жүгіріп, абалап, секірмекші болады... Шынтағың жақын болғанмен, аузың жетпейдінің кері осы.

Сөйтіп жүргенде, біздің үйге жаңадан тағы бір мақұлық пайда болды да, Дружок біржола соның құлына айналды.

* * *

Ол сөттер тұқымынан шыққан Лапка дейтін аңшы ит болатын. Құдай сақтасын, ол өзі бір қутыңдаған еді.

Біз Лапканы, оның үш-төрт айға толған кезінде сатып алдық. Дружокты ол өзінің жөн-жосықсыз ойынына ғана серік қылып қойған жоқ, оны өз дегеніне көндіріп те алды. Бұл қызық ойыншыл күшікті Дружок ө дегеннен жақсы көріп кетті. Лапканың оған істемегені бар ма? Мысықтың жасаған зөбірі оған қарағанда ойыншық екен. Лапка тіпті Дружоктың мүлде зықысын шығарды, бірақ, ол соның бәріне де көнді.

Жас шамасы белгілі бір мөлшерге жеткенде, боксер иттердің құлағы мен құйрығын қиып тастайды. Өйтпесе, бұл иттердің түсі өзінің тұқымынан өзгеріп кетеді. Құлақтары ұсқынсыз, салпайып кетеді, ал құйрығын бетімен жіберсең, ұп-ұзын, жіп-жіңішке боп өседі. Тышқанның құйрығы сияқты болады. Боксерлар құйрығынан ұстағанды жек көреді. Атап айтқанда, кесілген құйрығынан ұстағанды ұнатпайды. Оның бұл осалдығын Лапка бірден сезді. Оның бар жақсы ойыншық еткені Дружоктың осы құйрығы болды. Балалар өзінің ең жақсы көрген ойыншығын алдымен сындыратыны белгілі ғой. Өйткені, ойыншықтың ішінде сылдыраған не нәрсе екенін олардың білгісі келеді. Лапка да әлі бала сияқты еді. Әрине, Дружок өзінің құйрығына тигенді жарата қойған жоқ, Лапка оның құйрығынан тістелеп ұстап алушы еді. Дружок ырылдап, Лапкадан қашып кетеді. Бірақ, көзіне көрінсе болды, ол оның тағы да құйрығынан тартқылайды! Әрине, Дружок оны өзінің жанына бататын бұл ойыннан тиген да болар еді, бірақ, ол оны аяйтын. Сірә, оның бала екенін ол түсінетін болу керек.

Алайда, сол бала оған маза беруді қойды. Тамақтың да тәуірін ол Дружоктың дәл аузынан жырып әкететін. Ең жақсы сүйектерді Лапка иемденуші еді.

Лапканың тып-тыныш Дружоктың қасындағы кілемнің үстіне жатуына да болатын еді. Бірақ, олай болмады. Оның бар білгені диван болды. Содан басқа төсекті ол меңсінбеді. Егерде, естеріңізде болса, ол диванда Мурзилка жатушы еді ғой. Ал, бір мысық және екі ит қосылып еркін жататындай ол өзі онша үлкен диван емес.

Айтпақшы, мысық Лапканы көп елей қойған жоқ, сондықтан тез үйренісіп кетті. Лапка да мысыққа онша құштар болмады. Өнебойы ол Дружокпен әуреленіп жүрді.

Жарайды. Сонымен түн болды. Алдымен диванға Мурзилка келіп жатты. Содан соң оның қасынан Лапка келіп орын алды. Олардың ішіндегі ересегі Дружок болғандықтан, ол көш жатты. Диванның қасына келіп көрсе: доп-домалақ боп жиырылып, мысық ұйықтап жатыр. Рас, ол көп орын алып жатқан жоқ. Бірақ, Лапка дөңгелене жиырылып жатуды жақсы көрмейтін, сондықтан шалжиып қалай болса, солай жатыр еді. Дружок диванның қасына біраз уақыт тұрып, сонан соң Лапканы оятып алмайын дегендей, ақырын келіп, екінші бір түкпіріне барып сығылысты. Не жатқан, не отырған емес, қисайып жатып ұйықтау жайлы тимейді... Бірақ, амал не! Лапканы тықсырса, оны ол жаратпайды. Ал, егерде Дружок тұмсығын тықпап біраз жер босатып алуға тырысса, Лапка оның құлағын шайнап алады. Сондай бір өзі қияңқы күшік еді!

Дружок бізді мысықтан қызғанушы еді. Мен оны алдында айттым ғой деймін. Ал, Лапкаға ол мүлде қызғаныш білдірмеді. Мен күшікті қаншама ойнатып, еркелетсем де бәрібір, Дружок бұның бәріне тіпті қуанатын тәрізді. Ол енді бұрынғыдай еркелетсін деп секіріп, қыңсылау дегенді доғарды.

Мен мынадай жайды сан рет өз көзіммен көрдім: әбден жүгіргіштеп шаршаған Лапка диванға шығып алып ұйықтайды. Қасында Дружок, Лапка басын оның арқасына салған, ал Дружок өзінің дәу табанымен оны құшақтап жатыр.

Мінекей, олардың достығы осындай еді. Славная деген құлыншақпен ойнаған кезде де, серуенге, ойынға шыққан кезде де ол екеуі әрдайым бірге жүретін. Егерде, біз Лапканы ғана ертіп кетсек, Дружок қапаланып, өліп қалғандай боп диванда серейіп жататын. Бар болғаны қатты-қатты күрсіне беретін.

Бірақ, олардың достығы ұзаққа бармады. Оның ақыры құсамен бітті. Бір күні Лапка үйден ұшты-күйлі жоғалып кетті. Оны сегіз күн өткен соң барып орман ішінде тұратын орманшының үйінен іздеп тауып алдық. Үйге алып келіп едік. Екі күннен кейін Лапка ауруға айналды. Ол ас ішіп-жеуден қалды, ойынға да алданбады, сүйретіліп, қалай болса, солай жүрді. Тіпті, досының құйрығымен де ісі болмады. Мен оны мал дәрігеріне апарып көрсетіп едім. Ол:

— Сіздің итіңіздің сырқаты — хауіпті сырқат. Сірә, орман ішінде оны құтырған ит қапқан болу керек. Енді асқынып кетті. Емге көнбейді. Оны дереу бөлестеніңіз, әйтпесе, ол ауруын сіздің Дружогіңізге де, өзіңізге де жұқтырады, — деді.

Лапканы күзетшінің үйшігіне қойдық. Оған тек халатпен ғана кіріп-шығып жүрдік. Бірақ, ол бұл кезде астан біржола қалып еді, тек созылта есіней берді... Бір жетіден соң ол өліп қалды.

Біз бәріміз де қатты қайғырдық. Ал, Дружок не қылды десеңші! Ол барарға жер таппады. Үйдің ішін шарқ ұрып Лапканы іздеді. Жүгіріп аулаға шығып, жерді иіскелеп, Лапканың ізін қарайды. Қайтадан жүгіріп үйге кіреді... Жөнді тамақ ішпей жабығуға айналды. Сонан соң Лапкадан үміт үзіп, диванда ұйықтаумен күн өткізді, оған кең дүние тар сықылды көрінді.

Дәрігерлер құсадан ешкім өлмейді деседі. Мүмкін, бұл сөз адам жөнінде айтылса, рас болар. Лапка өлген соң бір айдан кейін Дружок өлді, оның неден өлгеніне біздің көзіміз жетпеді. Мал дәрігері Дружокты сойып қарағанда, оның бұлайынша өлуіне себеп болған ешқандай ауруды іздеп таба алмады.

Шамасы, медицинаның дегендерінің бәрі бірдей иттерге сәйкес келе бермейтін болу керек. Кім біледі! Дружок құсадан өлген шығар.

Әрине, адамның сезім күйімен хайуанның сезім күйін салыстыруға болмайды. Тіпті, есті деген хайуан — иттер де оған тең келе алмайды. Әрі-беріден соң, Дружок сықылды нағыз ақылды итпен де салыстыруға болмайды.

Алайда, иттердің де сезімі күшті болады. Әрине, айырмашылықтары бар. Адам ерекше ақылды боп жаралған. Ал, хайуандар болса, көбінесе тұмысында бар түйсігімен характер қылады. Ондай түйсікті инстинкт деп атайды. Бірақ, олардың сол түйсігі ғажап болады.

Егерде, адам аз да болса, оларға жылы ұшыраса, олар оны жақсы көреді. Оған шын беріледі. Мәселен, ит өз иесін ешуақытта жаманшылыққа ұшыратпайды.

Ал, егерде, сіз өзіңізді хайуандар жақсы көрсін десеңіз, оларды алдымен өзіңіз жақсы көріңіз. Оларды асырағанда жалықпай, бар күшіңізді сарп етіңіз. Сіздің достық ниетіңізді олар әрдайым білсін.

Соны олар артығымен қайтарады.

Жүзік

Ағайынды екі бала — Хаду Хина мен Мада көрші деревняда болатын үлкен мерекеге бара жатты. Мереке соншама қызық және көңілді болатындықтан, онда баруға бұлар өте құштарланған еді.

Тал түс. Күн керемет ыстық. Балалар шөлейттеу шақатты жолмен келе жатты. Анда-санда аңызақтан жапырақтары солып, кепкен ағаштар ұшырайды. Мұндай жолмен жалаңаяқ жүру қиын — бұл ыстық қоламтаны басқанмен бірдей.

Күтпеген жерден Мада жыланның екі баласын көре қалды; олар жол жиегінде иіріліп, түскі күннің күйдіріп тұрған аптасында шала-жансар жатыр еді. Бала өзінің ағасына:

— Жаңа менің не көргенімді білемісің? Жол жиегінде екі жылан баласы ыстықтан өлгелі жатыр. Жүр, оларды көлеңкеге апарып тастайық, мүмкін тіріліп кетер, — деді.

— Жарайды, — деп ризалық білдірді Хаду Хина. — Қайда олар?

— Кейін қалды, біз әлі ұзағанымыз жоқ.

— Онда кейін оралалық... Көне, қайда?

— Міне, мұнда!

— Ендеше екі таяқ алайық та, жылан балаларын соған іліп алып, анау ағаштың көлеңкесіне апарып салайық!

Сөйтіп, олар таяқты тапты да, жылан балаларын көлеңкеге апарып тастады.

Жылан баласының екеуі де біраз уақыттан кейін тірілді де, жорғалап өздерінің індеріне кірді. Мұнда олар әкелеріне өздерінің қандай оқиғаға душар болғанын түгел айтты.

— Әке, бір адам кездесіп, бізді таяқпен ұрып, өлімші етіп тастап кеткен еді. Бірақ, бұдан соң екі бала келіп, бізді көлеңкеге апарып тастады. Сөйтіп, біз қайтадан тірілдік, — деді жылан балалары.

Олардың әкесі:

— Сендер сол балаларды тани алар ма едіңдер? — деп сұрады.

М. Р. ДАЙО

Индонезия жазушысы.


Жылан балалары оған:

— Егер, біз оларды көрсек, таныр едік, — деп жауап берді.

Сонда әкесі:

— Онда жол бойына барып оларды тосыңдар. Олар қастарыңнан өтіп бара жатқанда, сендер «Рақым етіп, біздің үйге кіре кетіңіздер, әкеміз сіздерді көргісі келеді» — деп шақырыңдар деді.

Көп кешікпей балалар мерекеден қайтып оралды. Жылан балаларын қалдырған ағашқа да жақындап қалды. Бұлардың бірі:



— Өзіміз қалдырған жылан балаларын барып қарайықшы, олардың өлі немесе тірісін білейік,— деді.

Ағалы-інілі екеуі ағаштың түбінде жылан балаларының жоқ екенін көрді.

— Әрине, олар тіріліп, бұл арадан жорғалап кеткен ғой. Олар сонда қайда жорғалап кетті екен?

Ал, балаларды тосып тұрған кішкентай жыландар бұлардың сөздерін естіп, оларға жорғалап келді:

— Бізге рақымшылық еткен сіздер ме? — деп сұрады.

Балалар:

— Біз,— деп жауап берді.

Сонда жылан балалары:

— Рақым етіңіздер, біздің үйімізге кіріп шығыңыздар, сіздерді біздің әкеміз шақырып еді,— деді.

Балалар:

— Сіздерге баруға біз қорқамыз,— деп жауап берді.

— Қорықпаңыздар, жүріңіздер,— деп өтінді балалары.— Біз алда жорғалап отырамыз. Біздің үйіміздің кіре берісіне жеткендеріңізде, дәл біздің ізімізбен жүріңіздер. Сонда біздің қабаған итіміз Кабоата тимейді. Ал үйге кіргеннен кейін сіздерге әкеміз күріш алуды ұсынар. Сіздер оны таза ыдыстан да, лас ыдыстан да, мыс табақтан да алмаңыздар, тек құмырадан ғана алыңыздар. Егер, сіздерге әкей ат сыйласа алмаңыздар, қызметкерді де алмаңыздар, алтын бауды да алмаңыздар. Сіздердің берер жауаптарыңыз біреу-ақ болсын: «Біз сіздің саусағыңыздағы жүзігіңізді қалаймыз» — деңіздер.

Жыландар жорғалай жөнелді, ал балалар олардың ізімен жүріп отырды. Балалар жер астына түскеннен кейін жылан балалары үйреткеннің бәрін дәлме-дәл орындады: күрішті тек қана құмыра шөлмектен алды. Атты да, қызметкерді де, алтынды да алудан бас тартты.

Сонда олардан әке жылан:

— Сіздер сыйлыққа не алғыларыңыз келеді? — деп сұрады.

Балалар:


— Сіздің саусағыңыздағы жүзігіңізді қалар едік,— деп жауап берді.

Әке жылан оларға:

— Мен егер бұл жүзікті берсем, өзім өлемін. Бірақ егер сіздер менің балаларымды құтқармасаңыздар, олар апат болатын еді де, менің артымда ұрпақ қалмайтын еді ғой. Ал, енді сіздердің рақымдылықтарыңыздың арқасында менің балаларым тірі қалып отыр. Сондықтан да, мен сіздердің қалауларыңызды беремін, жүзігімді алыңыз!

Ол өзінің саусағынан жүзігін суырды да, оны балаларға берді. Олар деревняларына қайтып кетті.

Балалар үйіне келген соң, қатты таңырқанды. Неден екенін кім білсін, қолында жүзігі бар Хаду Хина не затқа жұғысып кетсе, ол



алтынға айнала берді! Ол есіктің жақтауын ұстап еді, жақтау алтын болып қалды; корзинканы алып еді, корзинка алтын болып шықты; ол ұстаған орамал, көрпе — бәрі де алтын болып шықты. Сиқырлы жүзік бәрін де алтынға айналдырады екен.

Біраз күн өткеннен кейін бұлардың деревнясына басқа жерден бір зергер келді, Оған Хаду Хина:

— Осы жүзіктің не сыры бар, ол неден жасалған, білуге күштармын, — деп сұрады.

Зергер балалардың жүзігін алып кетті. Ол теңізде кемемен жүзіп келе жатып, жүзікті өзі саусағына киіп көрмекші болды. Сол кезде оның қолы тиіп кеткен заттың бәрі алтын болып өзгеріп жүре берді. Мұны көргеннен кейін зергер жүзікті балаларға қайтармай, өзіне қалдырғысы келді. Сөйтіп, зергер Хаду Хинаға басқа жүзік жібере салыпты.

Хаду Хина жүзіктен айырылғанына қатты қайғырады. Ол енді тағы да кедейленеді. Қолынан шығып кеткен керемет жүзікті ол күні-түні уайымдап ойлайтын болды. Оның інісі Мада бұл жүзікті табуға белін бекем бұды. Ол мысықты көмекке шақырды. Ал, мысық көмекке тышқанды алды. Сөйтіп, мысық пен тышқан теңіз арқылы жүзіп, Хаду Хинаның жүзігін ұрлаған зергердің еліне

жетті. Олар сиқырлы жүзікті іздеуге кірісті. Тышқан кез келген үйдің әбдіресінің түбін тесіп кіріп, оның ішінен жүзікті қарап шығарды.

Міне, енді олар ақырында тапты. Олар үйлеріне теңізбен жүзіп келді. Мысық жүзікті өлшеп көрмекші болып, оны теңізге түсіріп алыпты. Бірақ, тышқан суға сүңгіп барып, жүзікті теңіз түбінен алып шықты.

Ол өз елдерінің жағалауына жеткенде, тышқан тұрып:

— Жүзікті мен апарайын, — депті.

Бірақ мысық оған:

— Жоқ, менің апарғаным дұрысырақ болар, — деп жауап беріпті.

Сөйтіп, тышқаннан жүзікті алып қойыпты. Бірақ, жолда келе жатқанда, ол табанына қысқан жүзікті жердің жарығына түсіріп алды. Тышқанды тағы да көмекке шақыруға тура келді. Тышқан ін қазып кіріп кетіп, жүзікті тағы да тауып алып шықты. Бұл жолы ол жүзікті өзінің арқасына салып алды да, Хаду Хинаға табыс етті.

Өзінің жүзігін көріп, бала қатты қуанады. Ол тағы да баиды. Өйткені жүзік тиіп кеткен нәрселердің бәрі алтынға айналады.

Орысшасынан аударған: **Қ. ОРМАНБАЕВА.**

ТӨРЕ МЕН ШАРУА

Египеттің халық өлеңі.

Алғаш рет диханшы араб,
Келді Каир қаласына.
Үйлерге алып тұрды қарап,
Симай көзі шарасына.

Неге екенін сезген де жоқ,
Бір көне үйге ауды аңсары.
Онан әрі төзген де жоқ,
Дүкен ғой деп кіріп барды.

Аңғармапты ол банк үйін,
Отыр біреу маңғазданып.
— Сатасыздар қандай бұйым?
Деді шаруа аңғалданып.

Төре төрде мырс-мырс күліп:
— Сатарымыз есек! — деді.
Сықакқойға қарап тұрып,
Шаруа ұпайын есептеді:

— Дүкеніңіз тамаша екен,
Мақтан етсең болмас өсек.
Серігі жоқ оңаша екен.
Қалған шығар жалғыз есек.

Аударған **Қ. Жармағамбетов,**

ИСКАНДЕР АЛЬ-ХУРИ

Египет ақыны.

АНА МЕН АТА

Сүйем мен атам-анамды
Өзім ойыншығымдай.
Жоқ.

Сүйем атам-анамды,
Көрмеймін ойыншығымдай.

Әлдилеп әр кез кім мені,
Шаршауды мүлде білмейді.
Мен үшін көзін ілмейді,
Болса да күндіз, түн мейлі.

Кім тағам алып келеді
Мен тыныш ұйқтап қалам ғой.
Ойыншық кім ап береді —
Әрине, атам-анам ғой.

Сүйеді олар бөбегін,
Сүйем мен, айтам шынымды.
Бірақ та жаман көрмеймін
Өзімнің ойыншығымды.

Аударған **С. Жиенбаев.**



ҚЫЗЫЛ ТУДЫ ҚАСТЕРЛЕ!

Жас дос, күндегі уақыт кестесі бойынша бірауық тынығып газет, журнал оқу үшін сен өзіңнің сүйікті орнын пионерлер бөлмесіне кірдің. Аға пионер вожатыйы да, басқа пионерлер де жоқ. Бөлме бос. Сен жалғызсың. Мойныңда алқызыл галстук. Бөлме ішінде әдеттегідей — бұрышта дружинаның қызыл туы, барабан, горн басқа да пионерлік жиназдар тұр. Осы бөлмеге кірген бетте сенің не істеуің керек?

Әрине, мұндайда өзің салтанатты уәдесін естен шығармайтын пионер ең алдымен «Коммунистік партия ісі үшін күреске дайын бол!» деген қасиетті жазуы бар дружина туына салют береді. Сөйтіп, ол қызыл туға құрмет көрсетеді.

Қара түнекті ысыру үшін алғаш бас көтерген жаңа қоғам жаршылары — француз жұмысшылары 1792 жылы қызыл матаны — күреске, күрес жеңісіне жетектейтін символ етті. Қызыл ту астында талай заманнан бері

елдің жігерін күм қылған корольды тағынан тайдыруға аттанды. Қызыл ту астында 1871 жылы Париж Коммунасы уақытша дүниеге келді. Әлемге жаңа қоғамның — Коммунистік қоғамның таңын атқызған Ұлы Октябрь Революциясы да қызыл тудың астында еңбекші бұқараны күреске бастады. Демек, қызыл туды қастерлеу — еңбекші бұқара ісі үшін, Коммунистік партия ісі үшін күресе білудеген сөз. Қызыл туды қастерлеу сүйікті Отаныңның адал, ардақты азаматы болу деген сөз. Қызыл туды шын сүйіп қастерлей білетін жас бүлдіршін сол ту үшін, сол тудың құрметі үшін керек жерінде жанын да құрбан етеді. Бұл қолдарына тұңғыш рет қызыл мата алып, үстем тапқа қарсы шыққан ата-бабаларымыздан келе жатқан дәстүр. Кәне, бір сәт тарих анаға үңілейік. ... 1871 жылдың 21 мамы. Париж көшелері қанды шайқас сахнасына айналған. Баррикада. Атыс-шабыс. Күші басым буржуазия әскерлері коммунарларды тықсырып барады. Коммунарлар басқа жерлерден жеңіліске ұшырап, ендігі қанды майдан Ромпон көшесінде ғана қалды. Мұнда да қырғын. Коммунарлар сабы оққа ұшып сетінеп бітуге айналған. Міне, қолында қызыл туы бар жалғыз коммунар ғана тірі. Ол өзі өлсе де, туды сақтауы керек. Осы сәтте қалың жаумен жалғыз шайқасқан коммунарға қаршадай бала көмекке жетті.

— Жеңіс символын қайтсең де аман сақтап қал! — деп әлгі коммунар да оққа ұшты. Бала коммунардың бұйрығын жауған оқ астында жүріп орындады. Қызыл туды жалаңаш денесіне орап, оқ астынан алып шықты. Париж Коммунарларының сол туы пролетариаттың ұлы көсемі Владимир Ильич Ленин қаза болғанда оның табытының басында тағзым етті.

Жас коммунардың мәңгі сақталар ерлігін Павлик Морозов, Саша Чекалин сияқты пионерлер қайталады.

Жас дос, дружина туын қастерлеу, оған салют беру өз пионер ұйымыңның абройы мен атағына кір келтірмеу деген сөз. Еңбекте жүзде алған жеке коллективтердің клубына, әскери ағаларыңның бөлімшелерінен, Кремльдің төбесінен көретін кәдімгі көзге тапыс, жүрекке ыстық қызыл туды сен өз бөлменнен — пионер бөлмесінен күнде көресің. Жеңістің символы болған қызыл ту сенің көз алдында шашағы желмен ойнап желбіреді де тұрады. Сенің дружинаның қызыл туы да — Коммунистік партия ісі жолында ерлік, батылдық, тапқырлық, табандылық күрестің символы екенін есіңнен шығарма!

Ә. ЫДЫРЫСОВ.



Қазақ темір жолы

Балалар, мына картадан Қазақстанның осынау байтақ даласын айқыш-ұйқыш басып жатқан шым-шытырық болат жолдарға қараңдаршы! Қалай көбейген! Қандай ұзақ жерге тартылған! Кәне, енді, осы жолдармен күні-түні үздіксіз ағылған поездарды көз алдымызға елестетейікші. Отанымыздың нешетүрлі бай қазнасы жарыса созылған осы болат жолдар арқылы еліміздің түкпір-түкпіріне сықай тиеліп, жөнелтіліп жатыр. Гурьевтің сарқылмас мұнайы, Қарағандының қызулы көмірі, Балқаштың мысы, Оңтүстіктің ақ мақтасы, тың даласының алтын астығы, Қызылорданың маржандай күріші, Каспийдің тіл үйіретін ащы балығы, Алматының алқызыл татті алмасы — бәрі де халқымызға осы жолдар арқылы күнбе-күн бөгетсіз жетіп отырады. Бурабай, Алматы, Семей, Талдықорған, Қызылорда маңындағы курорттарға дем алуға, емделуге баратындар да осы поезд арқылы қатнасады. Сендер тұратын әдемі тұрғын үйлер, сәулетті мектеп, пионер үйлерін салуға керекті құрылыс материалдарын таситын да осы болат жолмен жүйткіген ауыр составтар.

Байқап отырған шығарсыңдар, темір жол да — еліміздің ең үлкен байлығының бірі екен.

Патшалық Россия тұсында құлазыған жолдың иесі — түйелі керуеншілер ғана болатын. Еліміздің солтүстігінен оңтүстігіне ұшы-қиырсыз, елсіз-күнсіз кең далада, ұзақ сапар шеккен осы керуеншілер мимырт жүріспен, айлап, жылдап жалқау жылжып, ойлаған жеріне арып-ашып, жүдеп-жадап әрең жететін. Ол кезде темір жол жоқтың қасы еді. Барлы-жоғы әрбір жүз мың шаршы километрге 890 метрден ғана темір жол келетін.


Темір жол салу ісі Октябрь революциясынан кейін ғана қолға алынды. Жиырма-сыншы жылдардың бас кезінде-ақ Қазақстанда 720 километр жол төселді.

Міне, кәзіргі уақытта Қазақстандағы темір жолдардың ұзындығы он мың километрден асып отыр.

Осы алтыншы бесжылдықта Қазақстан даласында салынатын магистральдардың өзі екі мың километрге жуық жерге жетпекші. Олар Торғай мен Есіл, Екібастұз бен Омбы, Қостанай мен Тобыл, Гурьев пен Астраханьды бір-бірімен жалғайды. Ақтоғайдан мемлекеттік шекараға қарай тартылған Достық жолының 260 километріне рельс төселіп, жүк поездары қатынай бастады.

Осы сияқты магистральдардың көбеюі нәтижесінде, бүкіл жолдарды бір орталықтан басқаратын Қазақ темір жолы ұйымдас-тырылды. Бұл жаңа жол құрамына Түркістан-Сибирь, Қарағанды магистральдары тұтас және Ташкент, Орынбор жолдарының Қазақстан жерін басып өтетін тараулары түгелдей енгізілген.

Қазақ темір жолының Алматы қаласындағы осы басқармасы 14 жол бөлімшесіне басшылық етеді.



СПОРТ МӘДРӘСİNДӘ ДЕМАЛҒАНДАР

Қос қуаныш қатар келді. Батырбек Исбаев көмбеге бұрын жетті. Мектеп чемпионы болды. Енді ол былтырғыдай саяхатқа бара қалса, «Әй, өзің нашар екенсің ғой» деген достарының қалжыңын естімейді. VII «Б» класының жүйрігі саналатын Слава Кудрявцев бүгін оның жотасын ғана көріп қалды. Батырбек жүгіру жолын үш айналғанда да оны алдына салмады.

Жазғы демалыста Батырбек өзінің достары Кемелхан Ерғожаев, Слава Кудрявцевпен бірге денсаулық сақтау лагеріне баратын болды.

Спорттық лагерь бар дегенді бұрынды-соңды Батырбек те, оның мына екі жолдасы да естіп көрмеген. Естулері де мүмкін емес-ті. Өйткені, мұндай лагерь Қазақстанда биыл тұңғыш рет ашылды.

Лагерьде балалардың ішіндегі ерте тұратыны Пивоваров Станислав, Шіркін, оның горн тартқанын айтсаң! 170 баланың ішінде горнды одан жақсы ойнайтын ешкім жоқ. Стасяның горн үні естілісімен жас спортшылар орындарынан ұшып-ұшып тұрысады. Өлден уақытта белгілі спортшы ұстаз Сергей Захаровичтің басқаруымен таңертеңгілік жаттығулар басталады. Лагерьде демалушылардың бәрі де бұл жаттығуға түгел қатысады. Өз үйінде сағат 10-да зорға оянатын кішкентай Мұзафарова да сол жақ қанаттың ең шетіне келіп тұрады.

Бұдан кейін олар ертеңгі асқа отырады. Лагерь өміріндегі толассыз қызықтар одан әрі жалғаса береді. Мына Батырбек те, онымен бірге жеңіл атлеттер тобында жүр-

ген басқа балалар да жаттығу жұмыстарының саналуан екенін бұрын білген бе!! Жүйе-жүйесімен қат-қабат келіп жататын жаттығудың әралуан түрлері. Балалар бірауық гимнастикамен шұғылданса, енді бірде ауырлық көтерумен айналысады. Түс ауа суда жүзсе, кешке қарай баскетбол ойнайды.

Жаттығудан қол босағанда бос сенделіп жүруді лагерь тәртібі көтермейді. Кейде жеңіл атлетикамен шұғылданатын Батырбектер суға жүзушілердің өнеріне қызыға қарасады. Мұнда Батырбектің өзімен көрші кереуетте жататын № 19 мектептің VII класын бітірген Бабенов Халел бар. Кезекті жаттығуда оның көрсеткішінің қанша жақсарғанын білу, досымен бірге қуану Батырбектің борышы сияқты.

Баскетбол алаңында ер балалар мен қыз балалар командаларының кездесуі-ақ қызықты: Надя Анисимова, Лена Погребнова тәрізді баскетболшы қыздар Алматы балалар командасының құрамына кіретін Тимур Дінішов, Шамиль Жанғожин, Ришат Бұрхаев тәрізді ойыншылардан кем түспейді.

Ал, ескекшілер жаттығуы бір керемет. Қанатымен су сызған қарлығашша қалқып, қайықпен жүзген балалардың өнері көрушілерді сөзсіз қызықтырады. Спорттық лагерь өмірі спорт жаттығуларымен шектеліп қалмады. Көрші «Луч Востока» колхозының шабындық даласындағы қызу жұмысқа көмектесуге балалар талай барып қайтты.

Спорттық лагерьде өткізген күндер осында демалған 170 оқушының бәрінің де есінде. Жүйелі түрде жүргізілген жаттығулар зор жеміс берді. Спорттық лагерьде демалғандардың ішінде жүзден астамы мектеп оқушыларының республикалық спартакиадасында үздік шығып, республиканың құрама командасына енді. Қазір Батырбек Исбаев, Шамиль Жанғожин, Ришат Бұрхаев, Тимур Дінішов тәрізді оқушылар бірінші разрядшы спортшылар.

— Бұдан артық демалыс болмас, — дейді жазғы демалыстарына риза болған Алматы мектептерінің таңдаулы спортшылары. Олай деуі орынды да. Өйткені, олар спорт биігіне бұрынғыдан да батыл өрлей түсті.



С. БЕРДІҚУЛОВ.

ТАПҚЫР ЖІГІТ

(Ел аузынан)

Ертеде бір бай болыпты. Елден асқан бай болса да, сараңдығы шектен шығыпты. Күндерде бір күні осыны естіген жарлы жігіт әлгі байдың үйіне қонаққа барыпты. Байдың бәйбішесі келген қонаққа көже жасап беріпті. Табаққа құйыл алдына әкеп қойғаннан кейін, жарлы жігіт көжені қолындағы қасығымен былғай беріпті. Бағанадан бері бұған таңырқай қарап отырған бай:

— Немене, көжені соншама араластыра бердің? — деп ренжіпті. Осыны күтіп отырған жарлы жігіт:

— Жаңа осы көжеден бір дән көріп едім, соны іздеп таба алмай отырмын, — депті.

А. Пірманов.

Қызылорда облысы,
Ақарық жетіжылдық
мектебінің оқушысы.



СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

* * *

400 түп теректің жапырағы бір жаздың өзінде ауадан 340 килограмға жуық шаң ұстайды. Шегіршінің жапырағы теректің жапырағына қарағанда 6 есе, сиреньнің жапырағы 3 есе, үйеңкінің жапырағы 2 еседен артық шаң ұстайды. Ағаш жапырағының түгі неғұрлым қалың болса, оған шаң соғұрлым көп тұрады.

КӨЛЕҢКЕСІЗ ТОҒАЙ

Австралияда эвкалипт деп аталатын ағаш өседі. Оның ұзындығы 157 метрге дейін жетеді. Эвкалипттің бұтақтары кілең күннің нұры түспеген жаққа қарай бұрылады. Бұл ағаштың басқа ағаштардан ерекшелігі, эвкалипт өскен тоғайда мүлдем көлеңке болмайды.

Совет Одағында эвкалипт Қара теңіз жағасындағы Қырым мен Кавказда өседі.

НАН АҒАШЫ

Нан ағашының сыртқы құрылысы өте әдемі болады. Оның ұзындығы 14 метрге дейін жетеді. Нан ағашының жапырағы — сопақ, жемісі — дөңгелек болады. Жемісті пісіріп алып, содан соң ұнтақтайды. Одан кейін ғана ұнынан нан пісіреді. Ағаш жемісінен жасалған нанның тәттілігі болмаса, дәмі кәдімгі бидай нанының дәміне ұқсайды.

Нан ағашы Полинезия аралында өседі. Мұның жемісі жергілікті халықтың негізгі азығы боп саналады. Бұл ағаш 8—9 ай бойы жеміс береді. Ал, жеміс бермеген айларда жұрт нан ағашының жемісін жерге көміп сақтайды.

* * *

Балқарағай СССР-дың Европа бөлімінің солтүстік шығысында, Коми АССР-ында, Оралда көп өседі. Сонымен қатар, Балқарағай Белоруссияда, Украинада, Солтүстік Кавказда, Қырымда кездеседі.

Балқарағайдың шекілдеуігінен бағалы май алынады. Бұл май консерві жасауға пайдаланылады. Балқарағайдың ағашынан қарындаш және стол, шкаф сияқты үй жабдықтары жасалады. Балқарағайдан қара май, скипидар, бояу, тері бояуы, түрлі дәрі-дәрмектер алынады.

* * *

Ағаш — басқа өсімдіктерге қарағанда өте көп жасайтын өсімдік. Ағаш 300—500, 1000 тіпті одан да көп жыл жасай береді.

Көс аралында өсетін платан ағашына 2 мың жыл болған. Бірақ, ол Индияда өсетін баниан ағашына қарағанда әлде қайда жас, баниан ағашына 3 мың жылдан асқан. Банианның 3 мың жуан, 3 мың жіңішке бұтағы болады. Бұл ағаштың көлеңкесіне 7 мың адам сыйып кетеді.

Калифорнияда өсетін секвойя ағашының биіктігі — 140 метр, жуандығы — 35 метр. Секвойяның өскеніне 5 мың жыл болған.

Секвойямен жасты, осы кезде бізге мәлім, бір-ақ ағаш бар. Ол — Танганьикада өсетін нан ағашы.

ПИОНЕРЛЕР ПІШЕН ДАЛАСЫНДА



Көркем табиғаттың мол жасауларын бойына жинаған көз жеткісіз кең дала бүгін еңбек құшағында. Үлкен қара жолдың екі жағында жайқала өскен қалың шөптер тау самалымен теңіше толқиды. Міне, үлкен жолдан арқан бойы алыстау жерде колхозшылар мая салып жатыр. Пішеншілерге бірнеше жас балалар сырмамен шөп жеткізіп беріп жүр. Бұлар 4-класты биыл ғана бітіргендер.

Олар жазғы демалысқа шығысымен өздері сұранып колхоз даласына пішен жинасуға көмекке келді. Үлкендермен бірдей ерте тұрып, кеш жату бұл күнде олардың әдетіне айналды. Үлгілі еңбек етіп жүрген Татай Арғынбековті, Қатай Әділдинді, Ниязбек Қарин сияқты пионерлерді колхозшылар жақсы көреді, табыстарына сүйсінеді.

Колхоз басқармасы осы үш оқушыға саналы еңбектері үшін алғыс айтып, заттай сыйлықтар берді.

С. ДОСАНОВ.

Қостанай облысы,
Аманкелді ауданы.



ӨНЕРГЕ ҮЙРЕНУДЕМІН

Мен Ленин атындағы мектепте оқимын. Біздің мектепте еңбек сабағы екі-үш жылдан бері жүреді. Алғашқы кезде біз бұл пәнді онша ұнатпадық. Бірақ, келе-келе бірігіп жасаған орындықтарымыз, шкафтарымыз бізді қатты қызықтырды. Бұл дүниелерді жасағанда біз оқытушымызға көмекші ғана болдық.

Оқытушымыз бізге ең алдымен қараторғайға ұя жасауды үйретті. Терезенің кәсегін, кластағы балалардың бәрі де шебер жасады.

Мен жазғы демалыста жасаған орындығымды өзім білім алып жүрген мектебіме сыйға тартамын.

А. МҰҚАТОВ.

Манкент станциясы,
Ленин атындағы мектептің оқушысы.

Мұқабаның бірінші бетіндегі А. Вяльцевтің «Ол мектепке барады» деген суреті.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ыбраева А.,

Ыдырысов Р. (редактор), Қирабаев С., Нұрқатов А., Нұрғазин М.

Техникалық редактор С. Кривулин.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 63, редакция журналы «Пионер»

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 18/VIII—1958. УГО1084. 84×108_{1/16}—0,75 бум. 2,46 п. л. Тираж 33.900 экз.

Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 1594

969988

Дешаны УАҚЫТЫНДА



ЖҰМБАҚТАР

1. Мұздай жылтыр,
Шыңылтыр,
Бейне қаңылтыр,
Үйдің қабырғасын қалайды,
Күн жаққа қарайды.
2. Астында қақпақ,
Үстінде қақпақ,
Үй ішінде тұрады,
Жылылықты сақтап.
3. Ашылады аппақ тас,
Жабылады аппақ тас,
Аппақ тастан ақ қорған
Күзетшісі жоқтатпас.
Алдына келсе тоқтатпас,
Құтыла алмас тап болған.
4. Кішкене ғана дөңгелек,
Қызметі тым бөлек.
Жайда көзге ілмейсің
Онсыз киім кимейсің.
5. Аузынан шығып тозаны
Көкке мойнын созады.
6. Құлақтан тартсаң ашылады,
Құлақтан тартсаң жабылады.
Күніменен сабылады,
Түнде ғана дамыл алады.
Білмесең, іздесең —
Үйіңе барсаң табылады.
7. Қос көл бар көлемі оймақтай.
Өз сырын ешкімге қойды
айтпай.
Түпсіз көл—оймақ көл,
Қайда бар — ойлап көр.
8. Жайса қанаттай,
Жиса таяқтай.

Жақан СМАҚОВ.

1. Он саусақта он сақина ал
шығармай, Он қойымды қасқыр
жеді қан шығармай.
2. Ұшты қарға,
Қонды сайға.
Өзі жорға,
Бес адам қызмет қып тұр оған
зорға.

Н. АЛТЫНБЕКОВ.

Жамбыл облысы,
Шу ауданы.

КРОССВОРД-ЧАЙНВОРД



Кроссворд

Тіптен:

1. Спорттың түрі.
2. Уәде.
3. Жыл мезгілі.
4. Италиядағы өзен.
7. Ай аты.
8. Ұста құралы.
9. РСФСР-дағы облыс орталығы.
11. Жеміс.
12. Ылғалдың қатты түрі.
13. Қара мал.

Көлдененінен:

1. Төл.
3. Тәтті тағам.
5. Қатты зат.
6. Металл арқан.
9. Жылқы.
10. Шеше.
12. Организмдегі қызыл сұйық зат.
14. СССР-дағы өзен.
15. Қазақтың атақты әншісі.

Чайнворд

1. Батыр қала.
2. Көмірді алқап.
3. Әдеби жанр.
4. Су бетінде қалқып жүретін мұз тауы.
5. Немістің ұлы ақыны.
6. Қазақ эпосы.
7. Өзбек халқының ақыны.
8. Азиядағы мемлекет.
9. Физик.
10. Орыс ақыны.
11. Европадағы қырат.
12. АССР орталығы.
13. С. Мұқановтың «Ботакөз» романындағы кейіпкер.
14. Көлемді әдеби шығарма.
15. Ар.
16. Африкадағы шөл.
17. Мұз әлемі.

Құрастырған Еркінбек Сәрсенбаев.
Жамбыл облысы, Луговой ауданы,
Ақыртебе орта мектебінің оқушысы.



Мектепке барарда.



Үйге келгенде.